



БЮДЖЕТ НАҚТЫЛАНДЫ

Алматыда қалалық мәслихаттың кезектен тыс XI сессиясы өтті

2

САРАПТАМА



Жаңа экономикалық бағыт:

АЛМАТЫ ӘЛЕУЕТІ

3

ТАРИХИ ТАНЫМ



Қазақ хандығы дәуірі: АЛАСАПЫРАН ЖЫЛДАР АҚИҚАТЫ

«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» – 300 жыл

10

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №144 (6437) 2 желтоқсан, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҰЖЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

арқылы ғана климаттық дағдарыс проблемасын шешуге болады



Мемлекет басшысы жаһандық жиында сөз сөйледі

Қазақстан Президенті Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ конференциясы аясында Дубайда өтіп жатқан Дүниежүзілік климаттық саммиттің ашылу рәсіміне қатысу үшін Dubai Expo City көрме орталығына барды. Мемлекет басшысын БАЭ Президенті Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян мен БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш қарсы алды.

Саммит аясында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттер және бизнес құрылымдарының басшыларымен бірқатар кездесу өткізбек. Президент саммиттің (COP28) ашылуына дейін бірқатар мемлекет басшыларымен және басқа да жиынға қатысушы тұлғалармен – Еуроодақ Президенті Шарль Мишель, Ұлыбританияның бұрынғы Премьер-министрі Тони Блэр, Мажарстан Президенті Каталин Новак және АҚШ Президентінің климат жөніндегі арнайы өкілі Джон Керримен әңгімелесті. Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни және Словения Президенті Наташа Пириц-Мусармен, Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсух, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон және Андorra Премьер-министрі Ксавьер Эспот Саморамен пікір алмасты.

Климаттың өзгеруіне қатысты БҰҰ-ның Дубайдағы конференциясы аясында өтіп жатқан Климат жөніндегі дүниежүзілік саммитте сөз сөйлеген Қазақстан Президенті климат жөніндегі төтенше жағдай жаһандық дағдарыс екенін, оның әлемдік деңгейдегі жауапкершілікті талап ететінін айтты. Президенттің пікірінше, ұжымдық іс-әрекет пен ынтымақтастықтың арқасында ғана климаттық дағдарыс проблемасын шешуге болады.

Жаһандық жиын жайлы жарияланымды almaty-akshamy.kz сайтынан және газетіміздің келесі санынан оқыңыздар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

МЕДЕУ-ШЫМБҰЛАҚ

тау жолының кіреберісі жексенбі күндері ашылады

1 желтоқсаннан бастап Медеу-Шымбұлақ жолында апаттық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге байланысты жабылған жол ашылды. Осыған орай автокөліктер мен жаяу туристердің кіруіне жексенбі күндері жол ашық болады.

Бұл күндері жұмыс жүргізілмейді. Сондықтан жаяу жүргіншілер мен автокөлік жүргізушілерінің өміріне қауіп төнбейді.

Қалған күндері өткізу режимі бұрынғы кестеге сәйкес жұмыс істейді, яғни 09.00-ге дейін және 18.00-ден кейін электромобильдер мен такси жүргізушілеріне кіруге рұқсат. 13.00-ден 14.00-ге дейінгі кезеңде техникалық қызметтердің арнайы көлігі ғана кіре алады. Ал жаяу жүргіншілерге жол бойымен жүруге қатаң тыйым салынады. Бірақ олар студенттік соқпақ арқылы жүре алады.

Естеріңізге сала кетейік, бұл жақта «Мохнатка» және «Горельник» тауларының баурайында құлаған тастың салдарын жою бойынша жұмыстар жүргізілу-



де. 25 қазаннан бастап осы күнге дейін еңісті тазарту (тазарту) жұмыстары 80% орындалды. Сондай-ақ, бұрғылау қондырғыларын қолдана отырып, еңісті нығайту және нөсер жүйесінің құрылысы

жүргізілуде. Кешенді жұмыстар қыс бойы жалғасып, 2024 жылдың күзінде аяқталады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

2.12.2023

Түнде:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты,
қар жауады.

Күндіз:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
9-14 м/с

3.12.2023

Түнде:



0,-2 °C

Көшпелі бұлтты,
қар жауады.

Күндіз:



0,-2 °C

Көшпелі бұлтты,
қар жауады.



Желдің жылдамдығы:
15-20 м/с

www.almaty-akshamy.kz





МӘСЛИХАТ

БЮДЖЕТ НАҚТЫЛАНДЫ

Үнемделген қаражат әлеуметтік маңызды жобалар мен іс-шараларға қайта бөлінді

Сессия отырысында сөз бастаған Алматы қаласы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев қаладағы қайғылы жағдайды атап өтіп, хостелдегі өрттің салдарынан қаза тапқандардың туыстары мен жақындарына көңіл айтты. Қазіргі таңда әкімдік тарапынан қайтыс болғандардың жақындары мен зардап шеккендерді қолдау бойынша тиісті шаралар қабылданып жатқанын жеткізді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Сессия жұмысына Алматы қаласы мәслихатының 34 депутаты, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин және мемлекеттік органдардың басшылары қатысты. Алғашқы сөз Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмринге берілді.

«Бүгінгі негізгі мәселелердің бірі – Алматы қаласының 2023–2025 жылдарға арналған бюджетіне өзгерістер енгізу. Экономиканың оң динамикасы мен салықтық түсімдердің өсуі арқасында биыл теңдестірілген бюджет құрылды.

Қаламыздың экономикасы айтарлықтай өсті. 10 айдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібінің көлемі – 18,6% , құрылыс – 1,9%, сауда – 14,5%, инвестициялар 4,2-ға өсті. Жыл басынан бері инфляция 8,5%-ды құрады. Сіздермен бірлесіп бюджет қаражатын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін екі нақтылау өткіздік. Үнемделген қаражатты әлеуметтік маңызды жобалар мен іс-шараларға қайта бөлуді ұсынамыз», – деді қала әкімінің орынбасары Асқар Әмрин.

АЛМАТЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

«200 адамға арналған интернаты бар Абай атындағы 900 орынды жаңа мектепке 2023 жылға арналған бюджетті нақтылау және білім беру саласын қаржыландыруды ұлғайту аясында «Дарын-1» ықшамауданына салу жоспарлануда», – деп хабарлады Қаржы басқармасының басшысы Қанат Сухамбеков мәслихаттың кезектен тыс XI сессиясында. Жаңа оқу орнының ерекшелігі қазақ тілін терендетіп оқытуында болмақ.

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жобаларды қаланың түрлі аудандарында жүзеге асыру жоспарланған. Мәселен, 8 мемлекеттік колледжде биылғы жөндеу бойынша жұмыстар жүргізіледі, ал 2 қолданыстағы колледжде – құрылыс және халық кәсіпшілігі, сондай-ақ технологиялар мен флористика колледжі материалдық-техникалық жағынан жаңартады. Бұл мақсатқа 1,3 млрд теңге бөлінді.

Оқушылар үшін қолайлы жағдай жасау бойынша жұмыстар жүргізілуде: «Нұркент» ықшамауданындағы №201 мектепте 450 орынды қосымша құрылыс салу жоспарлануда, Бостандық ауданындағы «Орбита» ықшамауданында №145 мектеп ғимаратын сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып келеді, басқа да рухани-білім беру нысандарын жабдықтауға қаражат бөлініп отыр.

«Даму бағдарламасы мақсатының бірін іске асыру аясында білім беру нысандарына қолжетімділікті арттыру үшін сахнаға, үлкен концерт залына арналған дыбыстық және жарық жабдықтарын толық ауыстыру және Оқушылар сарайының балалар музыка мектебі үшін музыкалық жабдықтар мен оқу жиһаздарын сатып алу бойынша жұмыстарды жүргізуге 1,3 млрд теңге сомасында қаражат көзделген», – деді Қанат Сухамбеков.

Бұған қоса, 3 мемлекеттік мектепте «Алматы қаласы оқушыларының денсаулығын басқару» пилоттық жобасын енгізу жоспарланып отыр. Ол оқушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған және теңдестірілген мәзір құруға арналған. Бұл мақсаттарға 1,3 млрд теңге көлемінде қаражат көзделген. Жалпы, әлеуметтік сала бюджетінің шығыс бөлігі 6,1 млрд теңгеге ұлғайды.

Алматыда Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында ҰАААЖ бес радиалды жолды ұзарту жұмыстары жүргізілуде. Қалалық мобильділік басқармасы басшысының орынбасары Ернұр Әбжахан атап



Алматыда қалалық мәслихаттың кезектен тыс XI сессиясы өтті

өткендей, жалпы ұзындығы 3,2 км Саин көшесін ұзарту жұмыстары 65%-ға аяқталды.

«Осы жоба бойынша 66 жер учаскесін алу қарастырылуда, оның 65-і бүгінгі күні сатып алынды. Жұмыс біртіндеп жүргізілуде. Жұмыстарды жүргізу кестесі бойынша Рысқұлов даңғылынан Мөке би көшесіне дейін Саин көшесін ұзартуды аяқтау және пайдалануға беру 2024 жылдың қыркүйегіне жоспарланған», – деді ол Алматы қаласы мәслихатының отырысында.

Сондай-ақ, Рысқұлов даңғылын Оңғарсынова көшесінен қала шекарасына дейін ұзарту жоспарлануда. Оның жалпы ұзындығы – 2,3 км. Ернұр Әбжаханның айтуынша, бұл жоба бойынша жұмыстар енді ғана басталды.

«Жобада 274 жер учаскесін алу көзделген. Бүгінгі таңда 56 учаске бойынша қаулылар қабылданды. Бұл бағытта жер қатынастары басқармасының жұмысы жалғасуда. Нысанды аяқтау және іске қосу 2025 жылға жоспарланған», – деп атап өтті ҚМБ басшысының орынбасары.

Абай көшесін Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін ұзартуға келетін болсақ, жоспарланған жұмыстардың 5,3 км-ге, 4,7 км-ге жол жұмыстары жүргізілді, оның бір бөлігі пайдалануға берілді. Ұзындығы 600 м болатын соңғы беру кешені қалады.

«Бұл жоба ЖСК түзету сатысында тұр, қазір мемлекеттік сараптамадан өтудеміз. 2024 жылдың бірінші тоқсанында мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алуды жоспарлап отырмыз, одан кейін құрылыс-монтаж жұмыстарын бастап, 2024 жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарлануда», – деп түсіндірді Ернұр Әбжахан.

Ол Тілендиев көшелері мен Солтүстік айналма жолдың бойында қазіргі уақытта ЖСК әзірленіп жатқанын, оның аяқталуы 2024 жылдың соңына жоспарланғанын айтты.

«Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» бойынша барлық жұмысты 2027 жылға дейін аяқтау жоспарлануда.

300 ЖАҢА «СЕРГЕК»

Алматы қаласы Цифрландыру басқармасы мәслихаттың кезектен тыс сессиясында «Алматы қаласының жол трафигін талдау

және зияткерлік қауіпсіздік жүйесі» мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасын кеңейтуді ұсынды.

Жоба бойынша шарт аясында 1341 аппараттық-бағдарламалық кешен (АӨК (7894 камера) қызметі көрсетіледі, оның 575 АӨК биыл іске қосылады.

«Кеңейтуге келетін болсақ, «Көркем Телеком» ЖШС желілік учаскелерде шартта бекітілген АӨК қызмет көрсету құнын өзгертпей, функционалы жақсартылған, инфрақұрылым жарқылмен 300 АӨК орнатады. Осылайша келесі жылдың сәуіріне қарай 1641 АӨК «Сергек» (9094 камера) жұмыс істейді», – деді Цифрландыру басқармасының басшысы Олжас Жаңабек.

2020 жылдан бастап «Сергек» АӨК бүгінгі күнге дейін ҚР ЖҚЕ 4 млн 996 мың 691 әкімшілік құқықбұзушылық тіркелді. 35 млрд 614 млн 748 мың теңге айыппұл салынды, жергілікті бюджетке 27 млрд 532 млн 297 мың теңге өндірілді. Сонымен бірге, ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің дерегіне сәйкес, 2022 жылдың қорытындысы бойынша 2019 жылмен салыстырғанда ЖҚО саны 17%-ға, жолдағы өлім-жітім 40%-ға, жараланғандар саны 30%-ға азайды.

НАҚТЫЛАНҒАН БЮДЖЕТ ЖОБАСЫН ҚОЛДАДЫ

Қалалық мәслихаттың кезектен тыс XI сессиясында депутаттар Алматының биылғы арналған нақтыланған бюджетін бекітті.

Депутаттар Алматы тұрғындары үшін және жалпы қаланы дамыту үшін маңызды бірқатар мәселені қарастырды. Олардың ішінде – мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӨ) жобалары шеңберіндегі мемлекеттік міндеттемелер бар. Қазан айында сот шешімімен сыртқы жарықтандыруды жаңғырту жөніндегі МЖӨ шарты бұзылды. Осыған байланысты қалған мемлекеттік міндеттемелерді алу үшін мәслихаттың 2018 жылғы шешіміне өзгерістер енгізу талап етіледі.

Жол қозғалысы қауіпсіздігінің зияткерлік жүйесінің жобасы бойынша бағдарламалық кешендердің саны кеңейтілді. Мемлекеттік міндеттемелер көлемі артты. Бұл ретте аталған жоба бойынша мәслихаттың 2021 жылғы

шешіміне өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады.

Халықтың әлеуметтік осал топтары (ХӨОТ) санатындағы азаматтарды қолдау үшін Алматы әкімдігі депутаттарға Коммуналдық қызметтерге тарифтердің – 0,5 АЕК-тен (1725 теңге) 0,6 АЕК-ке (2070 теңге) дейін өсуіне байланысты өтемақы мөлшерін ұлғайту, сондай-ақ қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруге құқығы бар ХӨОТ санаттарының тізбесін кеңейту жөніндегі шешімдерді қолдауды ұсынды. Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар қатынастар тізіміне жаңа қалалық және қала маңындағы маршруттарды қосуға шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі Алматы қаласының 2023–2025 жылдарға арналған бюджетіне өзгерістер енгізу болды. Ағымдағы жылы экономикадағы оң динамиканың және салық түсімдерінің өсуінің арқасында теңдестірілген бюджет қалыптасты.

Әлеуметтік салаға 6,1 млрд теңге бөлу жоспарлануда. Оның ішінде 1,3 млрд теңгеден – 8 мемлекеттік колледжді ағымдағы жөндеуге, сондай-ақ екі колледжді материалдық-техникалық жарақтандыруға бағытталған. Тағы 1,3 млрд теңге Үлкен концерт залындағы жабдықтарды ауыстыруға және Оқушылар сарайының балалар музыка мектебіне арналған жабдықтарды сатып алуға бөлінеді. Биыл Бостандық ауданындағы «Орбита» ы/а №145 мектеп ғимаратын сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуда, оған 145,6 млн теңге қарастырылған.

Денсаулық сақтау саласына 1,2 млрд теңге қарастырылған. Ашылған сәттен бастап алғаш рет келесі медициналық мекемелер бойынша: №4 емхана (екі бөлімше), Балалар үйі, Адамның көбею орталығы, бюджеттен күрделі жөндеу жүргізуге 600 млн теңге бөлінеді. Құрылысы аяқталуға жақын «Қарасу» шағынауданындағы отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның жобасына 72,9 млн теңге жоспарланған.

ТҚШ саласына 3,8 млрд теңге қарастырылған. Наурызбай ауданындағы көпкөптерлі тұрғын үйлерге инженерлік желілерді жүргізуге 1,5 млрд теңге бөлінді. Жұмыстар 2023 жылдың соңына дейін аяқталады. Алматы әкімінің ұсынысы бойынша «Алматы жастары» бағдарламасын қолдау жалғасуда. Бюджеттен түрлі қызмет саласының жас қызметкерлері үшін 55 ипотекалық қарызға қосымша 965 млн теңге бөлінді.

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖАСТАРҒА 2023 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН 55 ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ

Бұл туралы мәслихаттың кезектен тыс XI сессиясында Қаржы басқармасының басшысы Қанат Сухамбеков мәлімдеді. Тұрғын үй бағдарламасын қолдау Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың бастамасымен жалғасып келеді.

«Бюджеттен қосымша 965 млн теңге бөлінді. Бұл әлеуметтік, құқық қорғау, коммуналдық және басқа да салаларда еңбек ететін жас азаматтар үшін қосымша 55 ипотекалық қарыз беруге мүмкіндік береді», – деді Қанат Сухамбеков.

Биыл «Алматы жастары» жеңілдетілген тұрғын үй несиеу бағдарламасына қатысуға 11 104 адам өтініш берді.

ЖАҢА ПЕРИНАТАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚ САЛЫНЫП, 4 МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

2023 жылға арналған денсаулық сақтау саласының бюджеті 1,2 млрд теңгеге ұлғайтылды. Қаражат қолданыстағы медициналық мекемелерді жөндеуге және жаңаларын салуға бағытталады, бұл туралы мәслихаттың кезектен тыс XI сессиясында қаржы басқармасының басшысы Қанат Сухамбеков мәлімдеді.

«Ұзақ уақыт ішінде алғаш рет 4 денсаулық сақтау нысаны күрделі жөндеуден өтеді. Бұған бюджеттен 600 млн теңге бөлу қажет», – деп атап өтті Қанат Сухамбеков.

Қазіргі уақытта «Қарасу» ы/а отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы аяқталуда. Ол пайдалануға берілсе, Алатау ауданында тұратын 5 мыңға жуық адамды алғашқы медициналық көмек көрсетумен қамтылатын болады.

Сонымен қатар, «Дарабоз» ы/а 200 төсектік перинаталды орталық және Бегалин көшесіндегі «Жанұя» арнайы кешенінің ғимаратына қосалқы нысан салу жоспарланған.





САРАПТАМА

Жаңа экономикалық бағыт:

АЛМАТЫ ӘЛЕУЕТІ

Алматы қаласы – ел экономикасының локомотиві. Ең негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер жағынан да, жалпы ішкі өнім құны жағынан да Алматы көш басында тұрады. Бұған қоса, қаламыз Қазақстанның ірі коммерциялық және қаржы орталығы. Ел бойынша ең белсенді бизнестің үштен бір бөлігі де осы қалада тіркелген. Негізгі қор биржасы мен елдегі ең ірі банктердің Алматыда орналасуы да шаһардың экономикалық салмағын арттырған. Толып жатқан артықшылықтарына сай Алматы Қазақстандағы ғана емес, тұтас Орта Азия қалалары ішінде инвестиция үшін тартымды мегаполис ретінде бағаланады. Алматы қазірдің өзінде аймақтағы қала экономикаларының арасындағы көшбасшылық орнын бекем сақтап келеді.



сынға түсетін бәсеке. Дүниежүзілік банктің болжауынша, Орта Азия қалалары үшін алдағы уақытта бұдан өзге де сын-қатерлер климаттық өзгерістерден келуі мүмкін. Яғни ірі қалаларды сумен, энергиямен қамтамасыз етудің, климаттық жайлылық мәселесін шешудің сынақтары шығуы мүмкін. Бұл жағдай әрине, Алматы үшін де аса маңызды.

Қуатты экономика:
аймақтық көшбасшы

Әрине, Орта Азия қалалары арасындағы экономикалық бәсеке әлем экономикасының даму бағыты ауысқан дәуірге түс келді. Беделді халықаралық зерттеу орталықтары қалалардың бас жоспарларын белгілеген кезде бұл мәселені есте сақтауды айрықша атап келеді. Яғни болашақтың экономикасы «жасыл экономика» бағытында өрбитіндіктен, көміртегін бөліп шығаруды шектеу, энергия тұтынуды және парниктік газ шығарындыларын азайту мәселелері қазіргіден әлдеқайда өзекті бола түседі. Былайша айтқанда, Орта Азиядағы қайсы қала климаттың өзгермелі жағдайында жасыл және икемді даму жолына түсе алады, сол қала инвестициялық тартымдылыққа ие болады.

Экономистердің ескерткеніндей, дәстүрлі немесе көне экономикалық қалып алдағы уақыттағы қызу бәсекеге жарамсыз болуы мүмкін. Былайша айтқанда, шаһарлардың экономикасына негізгі тірек болып отырған салалар ауқымды үрдіспен бірге өзгеріп кетуі мүмкін. Мысалы, қазір Алматы экономикасының ауқымды бөлігін (57,5 пайызын) орта-шағын бизнес құрайтын болса, аймақтағы болашақ үрдістер бұл саланың үлесін азайтып, керісінше ірі қаржылық ұйымдардың үлесін арттыруы мүмкін дегендей. Бірақ мәселе қай сала үлесінің басымдығында емес. Егер Дүниежүзілік банк секілді ықпалды қаржылық ұйымдардың болжамдарына сенер болсақ, экономиканың қозғаушы күштері мүлде басқа салаларға аунауы мүмкін.

Алматы қаласы аймақтағы экономикалық бәсекеде халық саны өзінен көп қалалардан оқ бойы алда. Бұған қаланың табиғи және жасанды мүмкіндіктері жол ашқан. Яғни географиялық орналасуы, демографиясынан тартып, индустрияландыру, экономикаға қатысуды ынталандыру бойынша үкіметтік шаралар соның қатарында. Атап айтсақ, Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі бас жоспарында жоғарыда сөз болған жаһандық және аймақтық үрдіске баса назар аударылған. Сондықтан Алматының алдағы уақытта қуатты экономикаға ие аймақтық көшбасшыға айналуы үрдіске қазірден бастап бейімделуіне тікелей байланысты.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

Көптеген шетелдік сарапшылар, экономистер Орта Азия қалалары арасында алдағы уақытта қызу бәсекелік қарым-қатынас қалыптасатынын болжайды. Бұл үрдіс Қазақстанның ғана емес, Орта Азияның геосаяси һәм геоэкономикалық маңызының арта түскен кезеңіне түс келіп отыр. Ірі елдер арасындағы бәсекелік қарым-қатынас Қазақстанды қамтыған аймақтағы мол табиғи ресурстық мүмкіндіктерді, сондай-ақ, тиімді тасымал бағыттарына қызығушылық танытуда. Бір сөзбен айтқанда, Шығыс пен Батыс ортасында қайта көтерілген Жаңа Жібек жолы мен Солтүстік-Оңтүстік арасында экономикалық дәліздер Орта Азия қалалары үшін жаңа экономикалық даму мүмкіндіктерін ұсынууда. Аймақтағы шаһарлардың қызу бәсекесі де міне, осы мүдделерге сай көтерілетіні анық.

Аймақтағы қалалар бәсекесі және
алып мегаполис

Орта Азия аймағындағы қалалар геосаяси, геоэкономикалық жаңа қалыптарға сай бәсекенің жаңа деңгейіне шығу алдында. Бұл бәсеке ең алдымен экономика саласында болса да, инвестициялық тартымдылық үшін қалалар барлық жағынан бәсекеге түсуі мүмкін. Бұл бәсекенің табиғатын айқын түсіну үшін, ең алдымен, осыған дейін аймақтағы қалалардың басты проблемаларын ашалай кеткен жөн. Ең әуелі аймақтағы қалалар ұзақ

уақыт бойы урбанизацияның қарқынынан зардап шекті. Айталық, соңғы 30 жылда Алматының қала халқы 1 миллионнан астам адамға өсті. Ұлттық Статистика бюросының бір ай бұрынғы дерегінше, қазір мегаполисте 2 миллион 211 мыңнан астам халық бар. Урбанизация толқыны елімізде ең алдымен Алматы қаласына ауыр салмақ түсірген.

Десе де, бұл Алматы немесе Қазақстанға ғана тиесілі үрдіс емес. Орта Азия қалаларына ортай жағдай. Ауқымды зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Орта Азиядағы ірі қалалардың бәрі дерлік жоспардан тыс урбанизациядан зардап шеккен. Қала немесе аймақ үшін демографиялық өсім көп жағдайда қарқынды экономикалық өсімге де әсер етуі керек. Алайда, урбанизацияның бақылаудан тыс болуы қалалық өсу траекторияларынан тартып, қала пішіні, қалалық орта, мобильділік, коммуникация мен жасылдандыру және экономикалық белсенділік жақтарына да кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан да ғылыми болжамдар алдағы уақытта Орта Азия қалалары тура осы аталған бағыттарды модернизациялаудың бәсекесіне түседі. Қалалардың траекториясын, пішіні мен қалалық ортасын жақсарту міндеттері тұр.

Шындап келгенде, бұның бәрі Орта Азия қалалары арасындағы экономикалық бәсекенің бір ғана көрінісі. Инвестицияны баурау үшін де кез келген қала өзінің ең алдымен бизнеске жағымды ортасын ұсынады. Бұл әрине, демографиясынан тартып географиялық, климаттық ерекшеліктеріне дейін

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ



Нарық бәсекеге қабілеттілікпен өркен жайып, сураныс пен тапсырысқа сай әрекетті талап ететіні анық. Ел экономикасының өрге басуына, шаһарымыздың әл-ауқатының артуына тұтыну нарығы орасан зор әсер етеді. Осы орайда, тұтынушылардың құқығын қорғау мен ішкі сауданың құқықтық процесін қамтамасыз етудің маңызы айрықша. Бұл ретте атқарылып жатқан жұмыстар аз емес, ал атқарылар шаруа әлі де шаш-етектен. Осы мақсатпен ҚР Сауда және интеграция министрілігі Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің басшысы Геннадий Гокхметұлы Данияровты әңгімеге тарттық.

ӘЛЕУМЕТТІК АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМІ
делдалдық схемадан қалай қорғалады?Тұтынушы талабы
ескерілуі тиіс

– Геннадий Гокхметұлы, өзіңіз басшылық ететін департаменттің тұтынушылардың құқығын қорғау саласында атқарып жатқан жұмыстарына тоқтала кетсеңіз.

– Біздің департамент жұмысының негізгі бағыты – тұтынушылардың құқығын қорғау саласында тиімді саясатты қалыптастыру және ішкі сауданы дамыту мен реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру. Ағымдағы жылдың 11 айында біздің департаментке 6300-ден астам өтініш түсті. Департаментке түскен өтініштің жыл сайынғы өсу статистикасы тұтынушылармен, бизнес өкілдерімен тұрақты түрде түсіндірме-ақпараттық жұмыстар жүргізілгенін көрсеткіші десе болар.

Тұтынушылардың құқығын қорғау және ішкі сауданың құқықтық процесін қамтамасыз ету мақсатында сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау саласында жосықсыз кәсіпкерлерге қатысты 305 хаттама толтырылып, әкімшілік шаралар қабылданды.

– Әлеуметтік маңызды азық-түлік өнімдері бағасының көтерілуіне сеп болатын делдалдық схемаға тоқтам бар ма?

– Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыровтың төрағалығымен азық-түлік тауарларына баға белгілеудің барлық тізбегіндегі делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі құрылған өңірлік комиссия өндірушіден әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін жеткізу тізбегіндегі өнімсіз делдалдықты анықтау мен жоюда жүйелі жұмыс жүргізуде. Бұл да болса, тұтынушы талабының ескеріліп, жосықсыз кәсіпкерлерге қатысты бақылау шараларының нәтижесі.

Делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі комиссия мүшелерімен бірлесіп жүргізілген

жұмыстар аясында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның көтерілуіне ықпал ететін делдалдық схема мен заңды тұлғалардың 166 фактісі анықталып, жойылды. Сондай-ақ, 155 жосықсыз кәсіпкер әкімшілік жауапқа тартылды.

Қоғамдық бірлестіктермен
біргеміз

– Тұтынушы да біз бен сіз секілді, өнім сапалы болмаса, қапалы болады. Сол сапалы өнім қалай арттырылууда? Департаменттің қоғам өкілдерімен қатынасы қалай?

– Еліміздің Сауда және интеграция министрілігі отандық өндірушілерді қолдап, ішкі нарықты сапасыз өнімдерден қорғауды қамтамасыз ету мақсатында «Сапалы өнім» маңызды әлеуметтік жобасын іске қосуына назар аударғым келеді. Тұтынушылардың құқығын жан-жақты әрі тиімді қорғау және ұлттық мүддені жүзеге асыруда қоғамдық бірлестіктерді іске тартудың маңызы айрықша. Осындай қоян-қолтық қызмет өз нәтижесін беріп келеді.

Өзара ынтымақты іс-қимыл аясында қоғамдық бірлестіктердің осы жобаны іске асыруға қосқан сүбелі үлесін атап өткім келеді. Демек, өзара іс-қимылдың конструктивті және іскерлігі барысында тұтынушылардың құқығын қорғау саласындағы өзекті мәселелерді шешуде бірлескен шешімдер қабылданды. Сондай-ақ, отандық тауар өндірушілерді сапасыз өнімнен қорғау шараларын жүзеге асыруда осындай озық тәсілдің ел игілігіне пайдасы мол.

– Тұтынушыға нендей көмек бар? Оның құқығы қалай қорғалады?

– Сатушы мен тұтынушы қатынасы тұтынушылардың құқығын қорғау туралы

заңға сай құрылуы қажеттігін еске саламыз. Бұл мәміле әрбір тарапының міндеті мен жауапкершілігін егжей-тегжейлі сипаттайтын нормативтік құжат екендігін қаперге салады.

Ағымдағы жылы да департамент тарапынан тұтынушыларға жан-жақты заңгерлік көмек көрсетіліп, нәтижесінде тұтынушылардың құқығы қорғалып, 219 млн 390 мың теңге қаражат қайтарылды. Көбінесе бизнес өкілдері азаматтардың заңның қыр-сырын білмеуін пайдаланып, тұтынушыларға толық құқығы бар жағдайда бас тарту дерегі жиі кездеседі. Мысалы, түбіртексіз келсе, сапасыз тауарды қайтарудан бас тартады. Сондай-ақ, тұтынушылар жосықсыз сатушылар тарапынан жиі кезігетін жәйттердің барын ескеруі керек.

Кей кезде пошта арқылы алынған өнімнің тұтынушы тапсырыс берген өнім болмай шығатыны бар. Сондай-ақ, өнімнің сапасы жарнамада не интернет-сайтта көрсетілгенге сәйкес келмейтін кезі кезігеді. Осындайда тұтынушы өз заңды құқығын толық білгенге не жетсін. Біз де өз тарапымыздан (зандылық тұрғыдан) көмегімізді аямаймыз.

Алдын ала төлем арқылы тауар алғыңыз келсе, байыпты дүкендер сізден ақша аударуды сұрамайтынын есте сақтаңыз. Интернеттегі дүкен туралы ақпаратты зерттеңіз, оның нарықта қанша уақыт болғанын қараңыз. Егер сіз ірі немесе белгілі компанияның веб-сайтымен жұмыс істеп жатсаңыз, шолғыштың мекенжай жолағында ресурс мекенжайы дұрыс жазылғанына көз жеткізіңіз. Қажет болса, дүкен әкімшілерінен сізге заңды тұлға туралы ақпаратты беруін сұраңыз. Осылайша заңды зерделеген азаматтар өз құқығын одан әрі қорғауға мүмкіндік беретін ең қажетті бірнеше баптарды білетін болады.

Сұхбаттасқан
Айнабай МӘДИ.



БРИФИНГ

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ...

Шаһар басшысы қаза тапқандардың туыстарына көңіл айтып, қала әкімдігі тарапынан барлық қолдау шаралары қабылданатынын жеткізді

Апаттың үлкен-кішісі болмайды. Қай-қайсысы да қауіпті, қай-қайсысы да залалға толы. Күні кеше мегаполистегі Ә.Шәріпов көшесінде орналасқан хостелде өрт шығып, салдарынан 13 адам жан тапсырған еді. Қаншама отбасына қайғы әкелген апат орнына қала әкімі Ерболат Досаев барды.



Мәншүк
БЕКБОСЫН

Өрттің шығу себебін тыңдаған шаһар басшысы қаза тапқандардың туыстары мен жақындарына көңіл айтып, қала тұрғындарын сергелдеңге салған апаттан зардап шеккен азаматтарға қалалық әкімдік тарапынан барлық қолдау шаралары қабылданғанын мәлімдеді. Қазіргі уақытта аудан әкімдігі де далада қалған азаматтарға шұғыл түрде уақытша баспана беріп, тамақтандырды. Денсаулық сақтау басқармасы да қажетті медициналық және психологиялық көмекті толық көлемде көрсетті.

Аталған хостел бір жарым ай бұрын ашылды. Ғимарат Халық банкке тиесілі болып, банк оны кепілмүлік ретінде жалға берген. Белгілі болғандай, хостел Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарымен студенттердің тұруы үшін ынтымақтастық туралы меморандумға қол қоймаған. Студенттердің осы хостелде тұруына өтініш түспеген және

***30 қараша күні шамамен таңғы сағат 5.33-те Әді Шәріпов көшесі, 86 мекенжайындағы «Almaty Hostel» хостелінің жергілікті өрт шықты. Салдарынан 30 м² аумақ өртке оранды. Хостел алаңы 457 шаршы метрді құрайды.**

***Ә.Шәріпов көшесіндегі хостелде болған өрт салдарынан 13 адам қаза тауып, 5 адам зардап шекті. Хостелде барлығы 72 тұрғын болды. Оның 12-сі студент-жастар. Хостел тұрғындарының арасында кәмелетке толмаған жандар жоқ.**



оларды хостелге орналастыру жұмысы да жүргізілмеген екен.

Алматыда 200-ден астам хостел жұмыс істейді

Осы ретте Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында брифинг өтті. Қалалық Қала құрылысын бақылау басқармасының басшысы Бакытжан Наурызбековтың мәліметінше, Алматыда өрт салдарынан 13 адам қаза тапқан хостел адам тұруға арналмаған екен. Басқарма басшысының айтуынша, жалпы құрылыс және санитарлық нормаларға сәйкес жертөлелер мен астыңғы қабаттарда хостел ашуға заңмен тыйым салынған. Ал бұл нысанның мақсаты – дүкен ретінде қызмет көрсету болған.

Оның айтуынша, Алматыдағы барлық хостелдер қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасынан азаматтарды уақытша тұру объектісіне тіркеуге және қайта жабдықтауға тиісті құжатты алуға міндетті.

Бүгінде Алматыда 200-ден астам хостел жұмыс істейді. Біздің басқармаға ұйжайды хостелге айналдыра бастады деген мәлімдемелер жиі келіп түседі. Бірақ мұндай нысандарды ашпас бұрын міндетті түрде

санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің тиісті қорытындысы, сондай-ақ қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасынан қайта жабдықтауға рұқсат етілген тиісті құжаты болуы тиіс. Егер мұндай келісімдер болмаса, біз өз тарапымыздан прокуратура органдарында тіркелгеннен кейін осы тектес нысандарға қатысты тексеру жұмыстарын жүргіземіз. Содан кейін тиісті әкімшілік шара қабылдап, материалдарды сотқа сәйкестендіру үшін немесе осындай объектілерді толығымен жабу үшін әрекет етеміз. Жыл басынан бері 5–7 заңсыз хостел туралы арыз-шағымдар келіп түсті. Қазір ол нысандар бойынша материалдар сотта жатыр, – деді Бакытжан Наурызбеков.

Барлық қолдау жасалды

Шаһар басшысы Ерболат Досаев өрттен қаза тапқан Қазақстан азаматтарының туыстарына 1 млн теңге көлемінде материалдық көмек беру туралы тапсырма берді. Бұл туралы Алматы ауданының әкімі Айдар Жақыбаев мәлімдеді.

Қала басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша өрт кезінде қаза тапқан

дардың отбасыларына 1 млн теңге көлемінде қаржылай көмек бөлінеді. Сонымен қатар, ажал құшқан азаматтардың арасында басқа өңірдің тумалары бар. Осыған орай, қала әкімінің тапсырмасы бойынша әкімдік қаза тапқандардың денесін туған жеріне апаруға, оның ішінде еліміздің басқа өңірлеріне тасымалдауға жәрдемдеседі. Алматы қаласының аумағында жерлеуді ұйымдастыруға бұдан өзге жерлеу процесін қоса алғанда, толық жәрдем жасалады, – деді Айдар Жақыбаев.

Қаза тапқан шетел азаматтарының отбасыларына да мәйіттерді жерлеу орындарына дейін тасымалдауға көмек көрсетілетін болады.

Кешенді медициналық көмек көрсетілуде

Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шаметеков те Ә.Шәріпов көшесіндегі хостелде өрттен зардап шеккен 5 адамға медициналық көмек толық көлемде көрсетіліп жатқанын мәлімдеді.

Соның ішінде зардап шеккен төрт адамға алғашқы хирургиялық көмек көрсетілді. Қазір олар амбулаторлық жағдайда ем қабылдау үшін үйлеріне жіберілді.

Эвакуация кезінде бұл азаматтардың денелерінің түрлі бөліктері зақымданған. Оларды жедел жәрдем бригадасы тексеріп, ауруханаға жеткізді. Сондай-ақ, бүгінде бір науқас ыстан иіс тиіп уланды деген диагнозбен токсикология бөліміне жатқызылды. Қазір науқас есін жияғанымен, жағдайы орташа ауыр санатында. Науқасқа барлық ем-дом шарасы көрсетілуде, – деді басқарма басшысы Иран Шаметеков.

● КЕРЕК ДЕРЕК

***Хостелдегі өртке байланысты ТЖ департаментінде жедел желі телефоны жұмыс істейді: 8 (727) 278-20-83 және 8 (727) 278-20-84.**

***Жерлеуді ұйымдастыру мәселелері бойынша қаза тапқандардың туыстары мына байланыс нөміріне хабарласа алады: +7 707 779 07 08, +7 777 312 08 08.**

● ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП

Қару сақтау ережесін бұзудың 190-нан астам дерегі анықталды

Алматылық полицейлер кең ауқымды республикалық «Құқықтық тәртіп» шарасы аясында азаматтық және қызметтік қару иелері мен пайдаланушыларының қару айналымы ережелерін сақтауын қадағалау мақсатында тексеру жүргізуде.

«Операция басталғаннан бері қару-ды сақтау ережесін бұзудың 190-нан астам дерегі анықталды. Сонымен қатар, заңсыз айналымнан 8 бірлік тіркелмеген қару, сондай-ақ винтовкалы және тегіс ұңғылы қарудан жасалған патрондар тәркіленді. Аталған деректер бойынша тиісті полиция бөлімдері сотқа дейінгі тергеу амалдарын жүргізуде. Алматы полициясы қару иелерін аза-

маттық және қызметтік қару айналымы саласындағы заңнама талаптарын мүлтіксіз сақтауға, рұқсаттардың қолданылу мерзімі мен оларды тұрғылықты жері бойынша сақтау ережесін қатаң сақтауға шақырады», – деп мәлімдеді Алматы қалалық Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Асхат Құлбаев.



Іздеуде жүрген 23 қылмыскер ұсталды

Қалалық полиция департаменті «мүлдем төзбеушілік» қағидатын нығайту мақсатында шаһар көшелерінде қылмыс жасаған, сондай-ақ басқа да қоғамдық орындарда тиісті қоғамдық тәртіпті бұзғандарды құрықтады.

«Құқықтық тәртіп» кең ауқымды жедел-профилактикалық шарасының аралық қорытындысы шығарылды. Аталған жедел шара кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыс, мүліктік залал, ұсақ бұзақылық, жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы бұзушылықты анықтау мен оның жолын кесуге, сондай-ақ тұрмыс-

тық зорлық-зомбылық саласындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған.

«Полиция бөлімдері шара барысында 192 қылмыстың бетін ашты. Оның 28-і қоғамдық орындарда жасалған. Сондай-ақ, бұрын жасалған 90 қылмыс ашылды. Іздеуде жүрген 23 қылмыскер ұсталды. Бұл ретте 13 мыңнан астам әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, жолы кесілді, оның 132-сі – отбасылық-тұрмыстық қатынастарға қатысты. 441 ұсақ бұзақылық, 1541 жалпыжұрт пайдаланар орынды ластау, 484 тыныштықты бұзу, 1329 қоғамдық орында спирттік ішімдік ішу, 743 қоғамдық орында темекі тарту дерегінің жолы кесілді», – деп хабарлады Алматы Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек.

Әзірлеген Айнабай МӘДИ.

● ХАБАРЛАНДЫРУ

ТЕНДЕР ӨТЕДІ

«Алматы қаласы экология және қоршаған орта басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Алматы қаласының аумағынан қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын қатты тұрмыстық қалдықтар нарығына қатысушыларды анықтау жөніндегі Тендер» тақырыбы бойынша тендер өтетінін хабарлайды.

Тендерге қатысушылар – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда.

Хабарландыру шыққан күннен бастап 15 жұмыс күннің ішінде, Алматы қаласы, Республика алаңы 4, №412 кабинет, тендерлік құжаттама көшірмелерін алуға болады.

Тендерге қатысушылар «Алматы қаласы экология және қоршаған орта басқармасы» КММ-ге тендерге қатысудың өтінімдерін конвертке салып, жапсырылған күйде мына мекенжай бойынша: Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, №412 кабинетке ұсынады (жібереді).

Тендерлік өтінім ұсынудың (жіберудің) соңғы мерзімі 2023 жылдың 22 желтоқсаны, сағат 13.00-ге дейін.

Өтінімдерді тендерлік комиссия 10 (он) жұмыс күн ішінде қарайтын болады.

Қосымша мәліметті мына байланыс телефоны арқылы білуге болады: 8 702 066 22 55.

Тендерлік комиссияның уәкілетті төрағасы: Ә.Е.Әбдіқадыров.

Тендерлік комиссияның хатшысы: Д.С.Брімжанов. Тел.: 8 701 186 99 90.



ТАҒАЙЫНДАУ

**БАУЫРЖАН ҚАБДОЛ –**
Алматы қаласы әкімі аппараты
басшысының орынбасары

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өкімімен Алматы қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметіне Бауыржан Жалелұлы Қабдол тағайындалды.

Бауыржан Қабдол 1978 жылы Атырау облысында дүниеге келген. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің көлік колледжін, Орталық Азия университетін, Ресей халық шаруа-

шылығы және Мемлекеттік қызмет академиясын бітірген.

Еңбек жолын 2002 жылы бастаған. Әр жылдары мемлекеттік және коммерциялық секторларда жұмыс істеді. 2021-2022 жылдары Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарды. 2022 жылғы маусымнан бастап тағайындалғанға дейін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары болып жұмыс істеді.

ЖАЙЛЫ ОРТА

БАР ЖАҚСЫ – ХАЛЫҚҚА**Бостандық ауданында 2 емхана мен 5 жаңа мектеп салынады**

Бостандық ауданында 500 орынды 2 емхана салу жоспарлануда. Біреуі – әл-Фараби даңғылы мен Сырғабекова көшесінің қиылысында, екіншісі – Гагарин даңғылы мен Левитан көшесінің қиылысында.

**Нұржамал**
ӘЛШЕВА

Бостандық ауданының әкімі Санжар Алин атап өткендей, екі нысан бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, жыл соңына дейін мемлекеттік сараптама алынады деп күтілуде.

Сондай-ақ, №4, №12 емханалардың балалар бөлімшесі корпус-тарын күрделі жөндеу жоспарланған.

Балалардың шұғыл медициналық көмек орталығының операциялық блогы қабылдау бөлімі корпусының құрылысы жалғасуда.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойын-

ша Бостандық ауданында 8000 орынды 5 жаңа мектеп салу жоспарланған. Оның ішінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 3 мектеп Егізбаев, 9 мекенжайда (2500 орынды), Розыбакиев – Левитан көшелерінің қиылысында (1500 орынды) және Розыбакиев – Қожабеков көшелерінің қиылысында (2000 орынды) бой көтереді.

Әлеуметтік жауапкершілік аясында «РАМС Қазақстан» құрылыс компаниясы 2024 жылдың соңына дейін «РАМС City» аумағында 1100 орынды мектеп пен 240 орынды 2 балабақша салуды жоспарлауда.

«АДК» СО ауданында «BAZIS» құрылыс компаниясы қыркүйек айынан бастап 900 орынды мектеп салу үшін «Конкрит продакшн» ЖШС зауытын бұзуда.

Сондай-ақ, №65 мектеп қосалқы нысанының, сөйлеу қабілеті ауыр балаларға арналған №9 арнайы түзету мектеп-интернатында тамақ және оқу блогының құрылысы аяқталды.

«Орбита-3» ықшамауданындағы №145 мектепті сейсмикалық жағынан күшейту, ғимаратты қалпына келтіру жұмыстары аяқталады. Бостандық ауданының әкімі атап өткендей, биыл қосымша 603 орынды 15 жеке балабақша ашылды.

жасалды. Бұл жедел бригадалар көшені жарықтандыру мәселесі бойынша азаматтардың өтінімін бірден қолға алады деген сөз.

Ішінара жарық тартылмаған 48 көшеге ЖСК әзірлеу жоспарланып отыр, оған ұзындығы 19,7 км болатын 608 жарық нүктесі мен 594 жарықтандыру тірегі орнату қажет.

Естеріңізге сала кетейік, қазан айында Алматыда көшелерді жарықтандыру мәселесінде проблема туындамауы үшін техникалық қызметкерлердің штаты ұлғайтылды. Қала әкімінің тапсырмасымен жергілікті учаскелерде жұмыс істеу үшін 20 адамнан тұратын алғашқы бригада жасақталды.

Нұр ЖАМАЛ.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

«ИНВЕСТИЦИЯ ОРНЫНА ТАРИФ»**173 нысанда 115 шақырым жылу желісі жаңғыртылады**

2023 жылдан 2026 жылға дейін жалпы ұзындығы 115,8 шақырым болатын 173 нысанды реконструкциялау жоспарланған.

**Құралай**
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Инвестиция орнына тариф» бағдарламасы бойынша жүргізіліп жатқан шаралар тозған желілерді 8,5%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Магистральдық желілердің тозуы 35%-ды, ал тарату желілерінде – 65%-ды құрайтынын ескере отырып, 2024 жылдан бастап қайта құру бойынша басымдық тарату желілеріне берілетін болады.

Биыл инвестициялық бағдарлама аясында Алматы жылу желілері екі нысанды реконструкциялады.

Жұмыс Бродский көшесімен Қазақов көшесіне Райымбек даңғылынан Рысқұлов даңғылына дейін және Есенов көшесімен Колпаковский көшесіне дейін жүргізілді.

Сондай-ақ, биыл тағы 9 нысан бойынша, атап айтқанда Қазыбек би көшесі Уәлиханов көшесінен Абдуллиндер көшесіне дейін, Ганди көшесі Қозыбаев көшесінен ЮВРК қазандығына дейін, Гагарин көшесі Қожанов көшесінен Ескараев көшесіне дейін, Қажымұқан көшесі Госпитальна көшесінен Достық даңғылына дейін, «Құлагер», «Айнабұлақ» шағынауданда-



ры арқылы Мұқатаев көшесіне, Ұлықбек даңғылы мен Шаяпин көшесінің арасындағы кіші Саин көшесінің батыс жағы, Дөнентаев көшесінен Лавренев көшесінің шығысына қарай «Энергетик» ТП-ға дейін жұмыс жүргізілді. Бөгенбай батыр көшесінің контурындағы аулаішілік аумақтар бойынша Байтұрсынов көшесінен Наурызбай батыр көшесіне дейін, Шаяпин көшесінің солтүстігінен Моңышұлы көшесінен Саин көшесіне дейін. Пайдалану мерзімі 25 жылдан асатын жылу желілерінің үлесі 59,2% немесе жалпы ұзындығынан 804,5 км құрайды – 1359,88 км.

«АлТС» ЖШС тозған жабдықтарды жаңарту бойынша жөндеу компаниясы жыл сайын бекітілген инвестициялық бағдарлама аясын-

да өткізіледі. Бөлінген ақшалай қаражат қажеттілікті жабуға мүмкіндік бермейді. Бірақ жылу желілерін ағымдағы деңгейде ұстауға ықпал етеді. Сонымен қатар, 90-жылдардан бастап 2006 жылға дейін жылумен жабдықтау желілері реконструкцияланбады, бұл тозудың жоғары пайызына айтарлықтай әсер етті.

Ағымдағы жылу аралық маусымда шамамен 9,1 шақырым жылу желілері қайта жаңартылды, бұл тозуды 0,7%-ға төмендетуге мүмкіндік берді.

Реконструкциялау жоспарына кіретін жылу желілерін анықтау кезінде белгіленген факторлардың бірі құбырдың қызмет ету мерзімі және ондағы жыл сайынғы апаттар санының артуы болып табылады.

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

**ЫҢҒАЙЛЫ ӘРІ ҚОЛАЙЛЫ**
Наурызбай ауданында 18 метрлік аялдама кешендері орнатылуда

Мегаполистері №7 қалалық клиникалық аурухананың алдындағы аялдамаға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл аялдама кешені 2016 жылдан бері жөнделмеген және ағымдағы жөндеу Наурызбай ауданындағы аялдама кешендерін ұстауға бөлінген бюджет қаражаты есебінен жүргізілген.

**Құралай**
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ыңғайлы аялдама жоғары сапалы пергола стиліндегі материалдардан жасалған, ол ландшафт дизайнында жиі қолданылады және экологиялық таза ноталар мен шығыс минимализмін біріктіреді. Металл аялдама құрылымы ағашпен қапталған. Барлық ағаш элементтер отқа төзімді, су өткізбейтін және арнайы құралдармен және бояу материалдарымен өңделеді. Жұмыстар ағаш өңдеу мамандарының ұсыныстарын ескере отырып жүргізілді. Ал алюминийлі шатыр қала тұрғындарын қо-

лайсыз ауа райынан қорғауға арналған. Аялдамаға ұзындығы 18 метр болатын ыңғайлы орындық қойылған. Бұл осы учаскедегі жолаушылар ағынының жоғары болуын ескере отырып жасалды. Кешеннің қызмет ету мерзімі 10 жылдан асады.

Айта кетерлігі, Наурызбай ауданында бүгінгі таңда 139 аялдама павильоны бар. Тағы 6 орнату жоспарлануда. Сондай-ақ, барлық аялдамаларға қысқа мерзімді жөндеу жүргізіліп, шыны қоршаулар орнатылады. Барлық аялдамаларда атауы бар тактайшалар пайда болады, ал кейбіреулерінде урналар жаңартылады – барлығы 100-ге жуық урна ауыстырылады.



БИЗНЕС-ФОРУМ

ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚОЛДАУ БАР!

Алматыда «BUSINESS COLLABORATION FORUM 2023» бизнес-форумы өтті

Студенттік форумға Республиканың 51 оқу орнының мектеп оқушылары мен студенттері, кәсіпкерлер және ENACTUS бағдарламасының қонақтары қатысты.

**Досбол
АТАЖАН**

Бизнес-форум барысында Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған жастар өздерінің бизнес-жобаларын ұсынды.

Іс-шараның алғысөзінде Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров форумға қатысып жатқан жастарға сәттілік тіледі.

– 1995 жылдан бастап Қазақстанда ENACTUS жобасы дарынды жастарға жаңа мүмкіндіктер ашып, олардың өзіндік идеяларын енгізіп, бизнес-жобаларды жүзеге асыруда. Осы уақыт ішінде әлемнің 34 елінен 1800-ден астам университет қатысты. Бастамашыл жастарға бизнесте табысқа жетуді, тұрақты дамуды және жаңа белестерге ұмтылуды тілеймін. Сіздердің бизнесті дамытуға қосқан үлесіңіз – бұл біздің қоғамның өркендеуіне қосқан үлесіңіз екенін ұмытпаңыздар. Бәріне сәттілік тілеймін, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров.

Сондай-ақ, Әлішер Елісұлы қала әкімшілігі тарапынан жастарды қолдау мақсатында қандай жұмыстар істеліп жатқанын айтып өтті.

– Алматы – студенттер қаласы. Шаһарда 35 жоғары оқу орны бар. Онда 200 мыңға жуық студент білім алып келеді. Өткен жылы Алматы қаласының әкімдігімен 2025 жылға дейінгі қаланың даму бағдарламасы бекітілді. Оның ішінде қала жастарына білім беру, жұмыспен қамту, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселелеріне аса мән берілді. Шаһарда Жұмыспен қамту орталығы мен жұмыс берушілерді біріктіретін Қалалық мансап орталығы ашылды. Тегін негізде қысқа мерзімді курс оқып, жұмыс табуға мүмкіндік беретін JasAlmaty.kz порталы іске қосылды. Осы жылдың көктемінде Ғылым және жоғары білім министрлігімен біріге отырып жатақхана құрылысын тиімді бақылап-басқару үшін жұмыс офисы ашылды. Жыл соңына дейін 4 мың төсек-орын болатын 15 объектіні қолданысқа беру жоспарланған. Оның ішінде 1,5 мың орын болатын 7 объекті қыркүйек айында берілді. Сәуір айында жас кәсіпкерлерді қолдау мақсатында Жас кәсіпкерлер клубы құрылды. Осылайша кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында шағын бизнес өкілдеріне қайтарымсыз 5 миллион теңгелік грант беріліп жатыр. Биылдың өзінде 540 миллион теңгеге 160 өтінім мақұлданды, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров.

ENACTUS Kazakhstan ұйымының президенті Альбина Ержанова еліміздің «ENACTUS WORLD CUP 2024» студенттік кәсіпкерліктің әлем кубогын өткізу құқығын алғаш рет жеңіп алғанын атап өтті. 2024 жылы әлемнің үздік университеттері мен үздік командалары Астана қаласында әлем кубогын сарапқа салады.

Бұл жарысқа қазақстандық студенттер арасында оқу жылының соңында өтетін ENACTUS Kazakhstan сайысының жеңімпазы жолдама алады.

Ал ENACTUS Kazakhstan директорлар кеңесінің төрағасы Райымбек Баталов бұл бизнес-форумның жастар үшін өте маңызды алаң екенін атап өтті.

– Форумға 50-ден астам бизнес компания жиналды. Бұл болашақ кәсіпкерлер, болашақ лидер әрі белсенді азаматтар. Олар мұнда өздерінің іске асқан және іске асырғысы келетін жобаларын таныстырады. ENACTUS бағдарламасы таныстырылған идеялардың жүзеге асуына көмектеседі. Мен кәсіпкер ретінде осындай алаңдарда практикалық тәжірибе жинаудың өте маңызды екенін айта аламын. Мұнда алынған тәжірибе ары қарай үлкен өмірде де көмектеседі.

Одан бөлек, жалпы жастарды қолдау үшін тренингтер, қысқы және жазғы лагерьлер өткіземіз. 100-ден астам менторлар оларға бағыт-бағдар береді. Бұл маңызды жұмыс. Кеңес беру, бағыт-бағдар көрсету, қателіктерімен жұмыс істеу, қиын жағдайлардан жол табуды үйрету, жобаға қаржы көздерін табуды көрсету – біздің күнделікті жұмысымыз, – деді ол.

Сондай-ақ, форум аясында ENACTUS Kazakhstan EXPO – инновациялық, экологиялық, әлеуметтік, digital және бизнес жобалар көрмесі ұйымдастырылды. Көрме аясында бизнес-жобасын таныстырған студенттер арасында І.Жансүгіров колледжнің командасы болды. Команда капитаны Мейрамбек Омархан студенттік бизнес-идеясы қазірдің өзінде іске асып, табыс әкелгенін айтты.

– Біздің жобамыздың аты – «Silk

Route». Бұл жобамен 2022 жылдан бері айналысып келеміз. Қазақстан бойынша шунгит өнімдерін тек Талдықорған аумағында Көксу ауылында табуға болады. Біз осы шикізатты пайдала отырып 4 өнім шығарамыз: ұнтақ, сабын, аксессуар және сусын. Олар тері ауруларының қабынуын емдеуге көмектеседі. Оның барлығын біз қолмен жасап отырмыз. Бірақ 2024 жылдан бастап Талдықорған қаласында кәсіпкерлермен келісіп зауытта шығаруды жоспарлап отырмыз. Қазір жобамыздың табысы 700 мың теңгеден асты, – деді ENACTUS Жансүгіров колледж командасының өкілі Мейрамбек Омархан.

Алматыда өткен ENACTUS Kazakhstan EXPO-ға Қарағандыдан арнайы келген Шет тілдер колледжінің командасы бірден екі жоба таныстырды.

– Бүгінгі көрмеде біз 2 жобамызды ұсынып отырмыз. Оның бірі – GIGE. Бұл 12 жастан бастап балалардың қаржылай сауаттылығын көтеруге арналған карта ойындары. Мұндай карталардың 8 түрі бар, барлығы – 120 дана. Бағасы – 6700 теңге. Қазақ тілінде де, орыс тілінде де шығарамыз. Картаны, оның дизайнын мен жобамыздың логотипін өзіміз жасадық. Жалпы карта ойындарының мәні – бізде жемқорлық пен қаржылай сауатсыздықтан зардап шеккен қала бар. Балалар қолындағы қаражатты дұрыс пайдалана отырып, қаланы көркейтуді қажет. Ал екінші жобамыз – WOOL сабыны. Ол қойдың терісінен жасалады. Бұл сабын табиғи таза әрі гипоаллергенді. Яғни ешқандай аллергия тудырмайды. Айтылған екі жобамызға да қазірдің өзінде сатып алушылар табылып жатыр, – деді қарағандылық колледж командасының өкілі Дильяра.

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ

ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНА КӨМЕК

Қазақстан бойынша еңбек өнімділігін арттыру бағыты бойынша ең көп өтім Алматы қаласынан түскен. Бұл туралы ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мәлімдеді.

Биыл қаңтар-қараша айларында отандық өнеркәсіп кәсіпорындарына 717,8 млн теңге көлемінде шығындардың бір бөлігі өтелді. Осы уақыт аралығында «Qazindustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығына» еңбек өнімділігін арттыру және өнімді ішкі нарыққа ілгерілету бағыттары бойынша жалпы саны 600-ге жуық өтім келіп түскен.

Өңірлік бөліністе еңбек өнімділігін арттыру бағыты бойынша ең көп өтімдер Алматы қаласынан (75) жолданған. Одан кейінгі орындарда Астана (65) және

Шымкент (48) қалалары бар. Салалық бөліністе мемлекеттік ынталандыру шараларына өтініштердің басым бөлігі машина жасау (100), АӨК, азық-түлік және сусындар (61) және жеңіл өнеркәсіп (50) кәсіпорындарынан келген.

Өнімді ілгерілету бағыты бойынша ең көп өтімдерді Қарағанды облысының (62), Алматы (35) және Ақтөбе облысының (26) кәсіпорындары, ал салалық тұрғыда жеңіл өнеркәсіп (72), машина жасау (68) және химиялық және фармацевтикалық бағыттағы (51) кәсіпорындар жіберген.

Есепті кезеңде QazIndustry мамандары кәсіпорындардың шығындарының бір бөлігін өтеу шарттары мен тетіктерін түсіндіру бойынша 550-ден астам ауызша кеңес берген. Сондай-ақ, мамандар түрлі конференциялар мен форумдарға қатысып, ашық есік күндері, өндіріс өкілдерімен кездесулер және өңірлерде арнайы семинар-кеңестер ұйымдастырылды.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

МЕРЕЙТОЙ

ТУМА ТАЛАНТ

Тұңғышбай Жаманқұловтың жетпіс бесінші белесі

Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, театр және кино актері Тұңғышбай Жаманқұловтың 75 жылдық мерейтойына арналған шығармашылық кеш өтті.

Мәншүк
БЕКБОСЫН

Актерді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтап, арнайы хат жолдады. Оны Президент кеңесшісі Мәлік Нұржанұлы оқып берді.

– Елеулі еңбек жолыңызда мәдениет саласының жаңа белеске көтерілуіне күш-қайратыңызды арнап келесіз. Табиғи дарыныңыз, еңбексүйгіш қасиетіңіз және тынымсыз

ізденісіңіздің арқасында өмірдегі биік асуларды бағындыра білдіңіз, – деді ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев.

Сондай-ақ, кеште Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның да жүрекжарды лебізі оқылды. Министр кеш иесін туған күнімен құттықтап, өнерпазға және оның бүкіл отбасына амандық тіледі.

Кештің шымылдығын өнер иесі өзінің «Біздер, біздер» әнімен ашты. Сонымен қатар, салтанатты кеште Халық әртісі «Ауылға қайт, балам» сынды бірқатар танымал әндерін де орындады. Мерейтой иесін құттықтауға театр және кино әртістері, отандық эстрада жұлдыздары келіп, ән мен жырдан шашу шашты. Олардың қатарында ҚР Халық әртісі Роза Рымбаева, опера әншісі Зарина Алтынбаева, «Қоңыр» тобы, «Ұлытау» тобы және т.б. бар.

Саналы ғұмырын қазақ мәдениетінің дамуына арнаған азамат соңғы 45 жылдан бері шәкірт дайындап, білгенін кейінгілерге үйретіп келеді. Бұл ретте кеште мэтрдің шәкірттері, яғни «Тұңғышбайдың тұңғыш-

тары» да өнер көрсетіп, көрерменнің ықыласына бөленді.

Айта кету керек, театр фойесінде қазақ киносының мақтанышы, айрықша дарын иесінің бірі әрі бірегейі Тұңғышбай Жаманқұловқа арналған фотоқорме де ұйымдастырылды. Көрмеге актердің әртүрлі жылдарда кино мен театрда сомдаған бейнелері қойылды. Актер отыздан астам толықметражды фильмдерде басты рөлді сомдаған екен. Қазақ киносында да өзіндік қолтаңбасы бар мерейтой иесінің театрдағы режиссерлік жұмыстары да жетерлік. Сонымен қатар, театрда Қалтай Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында», Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан», Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» сынды қойылымдарында өз кейіпкерін шебер сомдаған дарынды тұлға. Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында ҚР Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Тұңғышбай Жаманқұловтың 75 жасқа толуына орай спектакльдер апталығы өткен еді.

Кешке өнер үшін жаратылған жанды құрметтеп келгендердің қарасы көп болды.

ТАНЫСТЫРЫЛЫМ

«МЕН, ӨЗГЕ ЖӘНЕ ӨЗГЕСІ»

Ибраһим Калынның кітабы қазақ тілінде жарық көрді

Естай
БОЖАН

Түркиялық ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Ибраһим Калын кітабының таныстырылымы оқырмандарға ұсынылды. Ғылым мен саясатта бірдей аты белгілі автордың Ислам мен Батыстың қарым-қатынас тарихына шолу жасаған «Мен, өзге және өзгесі» атты еңбегі қазақ тілінде жарық көрген.

Аталған кітаптың таныстырылымы 30 қараша күні Алматыдағы «Қазақстан» қонақүйінде өтті. Оған Қазақстан мен Түркияның дипломаттары, ғалымдар мен зерттеушілері, зиялы қауым өкілдері және БАҚ өкілдері қатысты. Олардың қатарында Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Эврен Мүддерисоглу, Қожа Ахмет Яссауи университеті Өкілетті кеңесшісі Төрағасы Мұхиттин Шімшек, Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры Суат Бей бар.

Доктор әрі профессор И.Калынның бұл еңбегі Ислам мен Батыс әлемінің 14 ғасырлық өзара қарым-қатынасына шолу жасай отырып, бір-біріне ықпал етуші екі әлемде қалыптасқан көзқарастарды бағалауға бағытталған. Былайша айтқанда, үнемі кереғар, бір-бірін «жөкқа пығарушы» саналатын екі кеңістіктің шын мәнінде ұзақ тарих бойында ұдайы әсерлесіп, бір тарап келесі тараптың



өзін тануына ықпал етіп отырғанын сенімді дәлелдермен түсіндіруге тырысқан.

Кітаптың таныстырылымы кезінде автор Түркиядан бейнесәлемдеме жолдады. Онда өз еңбегін қазақ оқырмандарына жеткізуге еңбек еткен ғылым ордасына рахмет айтты. Сондай-ақ, еуроцентристік көзқарастан ада тұрып, Ислам мен Батыс өркениетінің тарихына жаңа көзқарас орнатуға болатынын осы кітап арқылы қазақ оқырмандарына жеткізгісі келетінін айтты.

Аталмыш ауқымды ғылыми еңбекті қазақ тілді аудиторияға жеткізуге себеп болған Қожа Ахмет Яссауи атындағы ХҚТУ-не қарасты Еуразия ғылыми-зерттеу институты екенін айрықша атай кеткен жөн. Аталған ғылым ордасы бұған дейін де дәл осындай ауқымды әрі салмақты еңбектерді қазақ тілі-

не аударып келеді. И.Калынның бұл еңбегі институт тарапынан шығарылған 38-ші кітап болды.

600 беттен асатын, 10 тараудан тұратын ғылыми еңбекті қазақ тіліне аударған аталған институттың аға ғылыми қызметкері Өмірбек Қанай. Таныстырылым кезінде ол кітапты қазақ тілді ғылыми ортаға барынша түсінікті жеткізуге күш салғанын, әрі орыс тілінің әсерінде бұрмаланып жүрген ғылыми атауларды барынша түп нұсқасында беруге тырысқанын жеткізді.

Ө.Қанай көлемді еңбекте қамтылған тақырыптардың әралуандылығына байланысты кейде әдеби аударма жасауға тура келгенін, сондықтан ондағы байырғы жыр-дастандарды қазақтың поэзия тілінде жеткізуге күш салғанын да айтады.

КЕЗДЕСУ

БАСПАГЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Заманауи баспа ісі: проблемалары және перспективасы» атты кездесу өтті. Іс-шара Алматы қаласы жастар саясаты басқармасының бастамасы бойынша «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қоры, Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар ассоциациясы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультеті, Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының бірлесуімен ұйымдастырылды. Оған осы салада белсенді жұмыс атқарып жүрген ондаған қазақстандық заманауи баспалардың жетекшілері, ақын-жазушылар және Баспа ісі мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер жиналды.



Басқосуда соңғы жылдары осы салада болып жатқан түрлі тенденциялар сөз болды. Іс-шараның модераторы, Қаз ҰУ Журналистика факультетінің деканы Темірғали Көпбаев соңғы жылдары Қазақстандағы баспа ісі саласында түрлі жағымды құбылыстар байқалып жатқандығын айтты.

«Кеңестік кезеңнен жұмыс жасап келе жатқан баспалар тек мемлекеттік тапсырмамен жұмыс жасауға үйренген. Қазір үкіметтің күшіне жүйелі, өз күшімен жұмыс жасайтын, нарықпен бетпе-бет келіп жүрген баспалар пайда болды. Негізгі үміт осындай үлгіде жұмыс жасайтын мекемелерде. Әлемдік кітап нарығына қосыламыз десек, осындай баспалардың жұмысы күшейіі керек», – деді Т.Көпбаев.

ҚР Кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов бұл пікірді құптады. «Қазір елде нарықты түсінетін, сұранысқа жұмыс жасай алатын, жоғары сапаны қамтамасыз ете алатын баспалар күш алып келеді және бұл тенденция жылдан-жылға артып жатыр», – деді ол. Палата басшысы Қазақстандағы баспа ісі бойынша қандай проблемалар туындап, қандай жағымды құбылыстар барын сипаттап берді.

Баспа ісі кафедрасының меңгерушісі Айгүл Рамазан жастарды баспагерлік салаға қызықтыру үшін осындай іс-шаралардың көп болу маңызды екенін айтты. «Бүгінгі жастарда иектен тыс танымалдыққа ұмтылушылық байқалады. Негізгі міндет атақты болып, тез байып кеткісі келеді. Журналист болса бірден жүргізуші болғысы келеді. Жұрттың көзінде болғысы келеді. Бүгінгі баспагерлерді көріп, олардың қандай жетістікке қол жеткізгендерін естіп көзқарасы өзгереді», – деді А.Рамазан. Кафедра жетекшісі Қазақстанда баспа ісі бойынша білікті мамандар тобы қалыптасу үшін баспалар жастарды тәжірибеден өткізуге келісім берсе деген ниетін жеткізді.

КітапАІ кітап дүкендері желісінің өкілі, бірнеше кітаптың авторы Мираз Кесебаев кітап маркетингіндегі негізгі мәселелерге тоқталды. Клиенттермен жұмыс жасаудың механизмдерімен, нарыққа анализ жасаудың жолдарымен, тақырып таңдаудың ерекшеліктерімен бөлісті. Баспагердің ойлары Баспа ісі кафедрасының оқытушыларына және студенттерге ұнады.

«Қазына» кітап дүкенінің негізін қалаушы Алмас Шайкенов Баспа ісі мамандығы бойынша білім алып жатқан жастармен тұрақты кездесулер өткізіп тұратынын, бұл істі әлі де жалғастыра беретінін айтты. Іс-шараны «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының директоры Бағдат Құдияр «Оқырман ұлт» жобасы аясында өткізілген іс-шаралар туралы қорытынды баяндамасымен аяқтады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БРИФИНГ

ҚЫЗЫЛШАҒА ВАКЦИНА ҒАНА ТӨТЕП БЕРЕДІ

Аурумен белсенді күресетін екпеге дін де тыйым салмайды

Қазіргі күні Алматы, Қазақстан ғана емес, бүкіл әлем қызылша дертінің кең етек жайып кетпеуіне алаңдаушылық білдіріп отыр. Өкінішке қарай, бұл ауру мегаполисте де бас көтеруде. Алматы қаласының ӨКҚ алаңында өткен брифингке шұғыл жиналған сала мамандары БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді.

Брифингте Алматы қаласы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Қасымхан Алпысбайұлы қызылшаға қарсы егілмеген балалардың жиі ауырып қалып жатқанын атап өтті.

Санитариялық-эпидемиологиялық департаменттің статистикасы бойынша Алматыда қызылшаның 2771 зертханалық расталған жағдайы тіркелген, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында 2170 жағдай, 15 пен 18 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында 113 жағдай және ересектердің 488-і жұқтырған.

Ата-аналары вакциналаудан бас тартқандықтан, ауруға шалдыққандар арасында екпе алмаған балалар көп. Қызылшаға қарсы екпесі жоқ 2054 бала тіркелді, оның ішінде вакциналаудан бас тарту себебінен – 1466.

Алматының бас санитар-дәрігері Қасымхан Алпысбайұлы 14 жасқа дейінгі науқастардың статистикасын келтірді. 1 жастан 5 жасқа дейінгі балалар арасында 1385-і жұқтырған, 6 жастан 9 жасқа дейінгі 352 бала ауырған, 1 жасқа дейінгі балаларды жұқтырудың тағы 292 жағдайы, 10 жастан 14 жасқа дейінгі 141 бала анықталған.

Ересектер арасында ауру 19 жастан 34 жасқа дейінгі жас тобында басым – 312 жағдай, 35 жастан жоғары – 176 жағдай.

«Ошақтарда науқаспен байланыс жасаған 19 092 адам анықталды, олардың барлығына инкубациялық кезең ішінде (12 күн) медициналық бақылау орнатылды. Эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша 30 жасқа дейінгі 488 адам қызылшаға қарсы егілді», – деді спикер.

Алматының бас санитарлық дәрігері қызылша бойынша жағдайды тұрақтандыру іс-шаралары туралы да тілге тиек етті. Мектепке дейінгі мекемелер мен мектептерде балалардың таңертеңгі және ауысымдық сүзгісі, ауру белгілері бар адамдарды анықтау және оларды тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйымдарға жіберу жүргізіледі. Қызылша жұқтыру жағдайларын тіркеу кезінде кабинеттік оқыту жүйесі жойылады, балаларды бір топтан немесе сыныптан басқа топқа не сыныпқа ауыстыруға, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуге жол берілмейді.

Сонымен қатар, 18 жасқа дейінгі балаларға вакциналау жүргізілуде. Мәселен, 2023 жылдың наурыз-сәуір айларында Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес бұрын егілмеген 13 324 бала қызылшаға, қызамыққа, паротитке қарсы иммундаумен қамтылды. Қазіргі уақытта вакциналаумен 13 989 бала қамтылған.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

Ал Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Қалықова қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы қосымша жаппай иммундауға жататын халықтың санаттары туралы айтты.

Спикердің сөзіне сүйенсек, 10–28 қараша аралығында қызылшаға қарсы қосымша иммундаумен 5757 бала қамтылған. Бұрын вакциналанбаған 18 жасқа дейінгі балаларды иммундау 2023 жылғы 5 желтоқсаннан бастап жүргізіледі.

Қызылшаға қарсы жоспарлы вакциналау екі рет жүргізіледі, біріншісі – 1 жаста (12–15 ай), екіншісі – 6 жаста, бұл вакциналаудан кейінгі иммунитетті дамытуға мүмкіндік береді. Қызылшаға қарсы вакцинаның әрбір дозасы баланың иммунитетін күшейтеді. Профилактикалық егулер тұрғылықты жері бойынша аумақтық емханалардың егу кабинеттерінде жүргізіледі.

Әсел Қалықова қызылшаны жұқтырудың алдын алатын жалғыз тиімді құрал тек вакциналау екенін атап өтті. Елімізде вакциналау жүргізу үшін ДДҰ сертификаттаған және Қазақстан Республикасында тіркелген, Үндістан (Serum Institute of India Ltd) өндірген қызылшаға, қызамыққа, эпидемиялық паротитке қарсы аралас вакцина қолданылады. Serum Institute of India Ltd вакцинасы әлемнің 110-нан астам елінде, соның ішінде Еуропа елдерінде қолданылады.

Тіркеу кезеңінде қатаң бақылаудан басқа, Қазақстанға әкелінетін вакциналардың әрбір партиясы (әрбір сериясы) қауіпсіздік пен сапаға қайта бақылаудан өтеді.

Қазіргі уақытта қалада тиісті контингенттердің қызылшасына қарсы жүргізу және нысаналы топтағы балаларды жоспарлы иммундауды жалғастыру үшін жеткілікті көлемде вакцина (29.11.2023 ж. 83 315 доза) бар. Желтоқсан айында 95 200 доза көлемінде қызылшаға қарсы вакцина жеткізіледі деп күтілуде.

Брифингке Алматының дін қызметкерлері де қатысты. Иә, вакцина мәселесінде кейбір адамдар діни астарды жиі пайдаланады. Бірақ Алматы қаласының Орталық мешіті мен Православтар шіркеуінің өкілдері

әлемдік діндер өз сенімдегілерге қызылшаға қарсы вакциналаудан өтуге тыйым салмайтынын атап өтті.

Мәселен, Орталық мешіттің наиб имамы Тимур Әлиев ислам діні әркімді өз денсаулығына дұрыс қамқорлық жасауға және аурудың алдын алу жолдарын іздеуге міндеттейтінін еске салды.

«Алланың елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): Емделіндер. Бір ғана ауруға қарсы ем жоқ, бұл – кәрілік (Ахмад ибн Ханбал). Бұл хадис әр аурудың емі бар екенін білдіреді. Алайда, ауруды емдегеннен гөрі оның алдын алу жақсы екені анық», – деді Т.Әлиев.

Діни қызметкер сонымен қатар, вакциналау кезінде келесі шарттарды ескеру қажет екенін атап өтті:

– вакциналау заңды негізде және мамандардың басшылығымен жүргізілуі керек. Бұл медициналық мәселе болғандықтан, осы саланың мамандары оны мұқият зерттеп, оның адам денсаулығына пайдалы немесе зиянды екенін анықтап, оны қолдану туралы түпкілікті шешім қабылдауы керек. Алла Тағала

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Иран ШАМЕТЕКОВ,
Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы:

Вакцина қоры жеткілікті

«Сақтансаң, сақтаймын» демекші, қызылшаға қарсы вакциналау жүргізу үшін «СК-Фармация» арқылы ККП вакцинасының 128 300 дозасы сатып алынды, жеткізу кестесі 2023 жылдың қараша-желтоқсан айларына жоспарланған болатын. Сондай-ақ, ҚР Үкіметінің резервтік қорынан 95 200 доза мөлшерінде ККП вакцинасын сатып алуға қаражат бөлінді.

Биылғы 24 қарашада Денсаулық сақтау министрлігінен тарату бойынша «СК-Фармация» арқылы 67 350 доза мөлшерінде вакцинаның бірінші партиясы келді, 30 950 доза мөлшеріндегі екінші партиясы 30 қарашада келді. Осылайша қалада қосымша жаппай иммундау және жоспарлы вакциналау үшін ККП вакцинасының 103 940 дозасы бар. Қызылшаның одан әрі таралуына жол бермеу үшін қазіргі уақытта толық штаттық режимде 78 вакциналау пункт, 92 егу бригадасы және 276 адам жұмыс істеп жатыр. Қаладағы барлық егу кабинеттері күшейтілген жұмыс режиміне ауыстырылды, сондай-ақ демалыс және мереке күндері сағат 08.00-ден 16.00-ге дейін жұмыс істейді.

Барлық медициналық ұйымдарда қосымша жаппай иммундауға жататын контингенттердің тізімі бар – бұл жасы 6 айдан 10 ай 29 күнге дейінгі балалар, 2 жастан 4 жас 11 ай 29 күнге дейінгі балалар, медицина қызметкерлері мен денсаулық сақтау нысандарының қызметкерлері.

СӘТТІ ОТА

АУТОИММУНДЫ АУРУ АУЫЗДЫҚТАЛДЫ

Алматылық дәрігерлер тағы бір науқасты ажалдан аман алып қалды

Мегаполистегі №7 қалалық аурухананың хирург-дәрігерлері тромбоцитопениясы (қан ұюының бұзылуы) бар пациентке аса күрделі отаны сәтті жасап шықты. Дәлірек айтсақ, қан кетудің жоғарылауымен сипатталатын аутоиммунды кеселі бар («Верлгоф ауруы») 33 жастағы науқасқа жасалған ауыр операция сәтімен аяқталды. Бұл туралы аурухананың баспасөз қызметі хабарлады.

№7 ҚҚА гематология бөлімшесінің меңгерушісі Гүлжан Сабырбаеваның айтуынша, идиопатиялық тромбоцитопениялық пурпура – қайталап соғатын аурудың ауыр түрі. Ауру тері астындағы қан құйылу, мұрын және қызылиектен қан кету түрінде жиі қайталанып тұратын кесел. Бұл дерт адамды жұмысқа қабілетсіз етіп, тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

«Ауру қандағы тромбоциттер (тромбоцитопения) санының төмендігімен сипатталады (тромбоцитопения), бұл өздігінен қан кетуді тудырады. Консервативті терапия оң нәтиже берген жоқ. Мұндай жағдайларда аурудың резис-



тентті түрі туралы айтады», – деп түсіндірді жағдайды гематолог-дәрігер Г.Сабырбаева.

Консервативті терапияға төзімділікті ескере отырып, науқасқа спленэктомия, яғни көкбауырды алып тастау ұсынылды. Операцияға дайындықтан кейін пациент радикалды хирургиялық операцияға алынды.

«Операциялық емдеудің күрделілігі сонда, кез келген сәтте көп мөлшерде қан кету қаупі жоғары болды, ал ол мидың гипоксиясына және өлімге алып келуі мүмкін. Ота сәтті өтті, бәрі жоспарлағанымыздай болды. Операциядан кейін тромбоциттердің деңгейі қалпына келді, науқастың көңіл күйі мен жалпы жағдайы қанағаттанарлық», – деді №2 хирургия бөлімшесінің меңгерушісі, профессор Мұса Сахипов.

Дәрігерлер ішке қан кету қаупі жоқ екеніне көз жеткізгеннен кейін пациентті 5 тәулікке гематология амбулаториялық бақылауына шығарды.

Дәрігерлердің жоғары кәсіби шеберлігінің және олардың аса зор күш-жігерінің арқасында тағы бір адам ажал аузынан құтқарылды.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ

БҰЛ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК!

Еріктілерді алаяқтардан қалай ажыратамыз?

Мерекелік жиындарды, ауқымды іс-шаралар мен қайырымдылық істерді еріктілерсіз елестету мүмкін емес. Олар әлдеқашан қоғамның маңызды бөлігіне айналды. Бірақ бізге волонтерлік деген түсінік басқа елдерге қарағанда сәл кешірек жетті. Тек кейінгі он жылдың төңірегінде ғана еріктілердің кім екенін, волонтерліктің қандай жұмыс атқаратынын көріп жүрміз.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Былай қарасаңыз, мына заманда біреуге ақысыз көмектесу күлкілі болып көрінуі мүмкін. Дегенмен, қазақта асар деген дәстүр бар. Халқымыздың ежелгі дәстүрін бүгінгі волонтерлікке ұқсастыруға болады. Асар – қазақтың бір-біріне ақысыз жәрдем беруі. Басына іс түскен, көмекке зәру адамға жұмылып, қолұшын беретін игі істі қазақ «асар» деп атаған. Қазіргі тілмен «волонтерлік» деп атағаны болмаса, түп тамыры осы дәстүрге саяды. Қазір еріктілерді жиындардан бөлек, қоғамдық көліктерде жиі кездестіреміз. Қала көшелерінде өздерін «еріктіміз» деп таныстыратындар толып жүр. Баланың еміне қаржы керегін, анасының жұмыс істеуге мүмкіндігі жоғын айтып, жолаушылардан ақша жинап жүрген еріктілер жаз кезінде тіпті көбейді. Науқас баланың суретін пайдаланып, диагнозы жазылған қағазды көрсетеді. Өзін қай қайырымдылық

қордан келіп тұрғанын жасыратындар да бар. Баланың суретін рұқсатсыз пайдаланып, жалған диагнозбен халықты алдайтын заңсыз қорларды қалай анықтаймыз? Оларды еріктілерден қалай ажыратамыз?

Қазақстан Республикасының Конституциясында еріктілерге қатысты заң бар. 2016 жылдың желтоқсан айында арнайы «Волонтерлік қызмет туралы» Заң қабылданды. 4 тарау 19 баптан тұратын бұл заңда барлық нәрсе қамтылған, кемшіліксіз деп айта алмаймыз. Биылға дейін атүсті қаралып, мән берілмеген волонтерлікті заң тұрғысында да қолға алған жөн. Еріктілердің дені – студент-жастар. Бұл жұмыс – олардың әлеуметтік жауапкершілігін нығайтып, бір-бірін түсініп, қолдауға тәрбиелейтін қызмет түрі. Егер жөнімен пайдаланса, жастар үшін де, қоғам үшін де берері мол. Қазір «ерікті» сөзі тек жастар арасында

қолданылатын трендке айналмауы керек. Шетелде, оның ішінде АҚШ-та ерікті болмасаң қоғамға еркін сіңісіп кете алмайсың. «Студент» атануыңның өзі екіталай. Бізге де еріктілердің қызметін бір жүйеге келтіру маңызды. Алматыдағы «Саяхат» автовокзалының маңында 2 студент қыз әрлі-берлі өткен адамдардан ауыр дертке шалдыққан балаға көмек сұрап жүр екен.

«Бұл қор осы уақытқа дейін бірнеше мұқтаж жанға көмектесті. Сіңлімнің операциясына тиісті қаражатты жинап берді. Сондықтан шынайы қор деп сенімді түрде айта аламын. Сіңлім гидроцефалиямен ауырған. Аты – Аяулым. Міне, суреті» деп кездескен адамға науқас баланың диагнозы жазылған көк папканы көрсетіп жүрді. Еріктілер жиналған қаражаттың бәрін қорға аударады. Ал колледж немесе университетте оқитын еріктілерге оқу ақысын төлеуге жеңілдік

беріледі екен. Мысалы, бір ерікті 25 балаға көмектесіп, бірнеше сертификат пен алғыс хат жинаса, оған оқу ақысын төлерде 30 %-ға дейін жеңілдік жасалады. Еріктілердің көбі – оқу орнында ақылы оқитын студенттер. Бұл қор (атын айтпады) балаларға ғана емес, мүгедектер мен қарттар үйіндегілерге, жетімдер мен көпбалалы жанұяларға көмектеседі.

«Бізге көбі сенбейді, түсінбейді. Қазірдің өзінде бізді балағаттап, афериссіндер деп айтып кетіп жатыр. Бірақ біз шынайымыз. Алаяқ қорлар туралы естігенмін. Олар – жалған қорлар. Былтыр бір әйел ауру баласына көмек сұрай келді. Бізге келместен бұрын белгісіз қор көмек береміз деп алдап кеткен. Барлығына бірдей сенудің қажеті жоқ», – деді Айым есімді ерікті.

«Бұл сұраққа жауап беру өте қиын. Еріктілердің көбі еш жерде тіркелмеген. «Еріктілер туралы» Заңға сәйкес жұмыс істеп жүргендер санаулы. Әрбір азаматтың көмекке берген ақшасының қайда кеткенін білуге құқығы бар. Қоғамдық көліктегі жолаушылардан жиналған қаражат шын мәнінде науқас, мұқтаж адамның еміне жұмсала ма, жұмсалмай ма, белгісіз. Мұқтаж жандарға деп жиналған ақша өзін «ерікті» деп жариялаған тұлғаның жеке қажеттілігі үшін жұмсалған болса, онда қылмыстық Кодекстің 190-бабы «Алаяқтық» бойынша қылмыстық іс қозғалады. Тағы да бір айта кететін мәселе, әлеуметтік желідегі тікелей эфирде ауыр жағдайдағы баланы көрсетіп, халықтан көмек сұрайтын аналарды жиі көреміз. Бірақ ол жиналған ақша баланың еміне жұмсала ма? Ол да белгісіз. Алаяқтардың кесірінен халық нағыз мұқтаж жанға көмек сұрап жүрген еріктілерге сенбейді. Құзырлы органдар тарапынан тексеріс жүргізіліп, бақылауды күшейту керек», – дейді заңгер Гүлзат Мергенәліқызы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Лаура ЕРБАЕВА, заңгер:

Қолында келісім-шарт болуы керек



Қайырымдылық көрсету мақсатында ақша жинап жүрген волонтерлердің құқығы мен міндеті Қазақстан Республикасының «Волонтерлік қызмет туралы» және «Қайырымдылық туралы» заңдарында көрсетілген.

Заңның 1-бабы 7-тармағында «қайырымдылық волонтері – қайырымдылық ұйымымен немесе пайдаланушымен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған шарт негізінде өз тәжірибесін, арнайы дағдыларын, білімін, икемін, жеке байланыстарын қолдану арқылы қаражат жинауға қатысатын жеке тұлға» делінген.

Яғни ақша жинап жүрген адамның қайырымдылық ұйыммен немесе жеке тұлғамен жасалған шарты болуы керек. Заңға сәйкес мұндай ұйымдар жылына бір рет орындалған қайырымдылық бағдарламасы туралы есепті бұқаралық ақпарат құралдарында және қайырымдылық ұйымның интернет-ресурсында жариялауға міндетті.

Ақша бермес бұрын волонтердің қолында қайырымдылық ұйыммен немесе жеке тұлғамен жасалған шарт, сенімхат және ауырған адамның диагнозы жазылған медициналық құжаттарды көрсетуді талап еткен жөн. Сонымен қатар, берген ақша қайда жұмсалғаны жайлы есеп қашан, қайда жарияланатыны жайлы сұрап алған абзал. Мұндайда алаяқтарды жауапкершілікке тарту оңай емес. Ол үшін жәбірленуші құқық қорғау органдарына арнайы арыз беру керек. 100–200 теңгеге бола арыз жаза бермейтіні анық. Қазір екінші деңгейлі банк қосымшаларында заңды тіркелген қайырымдылық ұйымдар жетерлік. Егер қайырымдылық жасағыңыз келсе, ақшаны сол жерге аударуға кеңес берер едім.

Бағдат АНАРБАЕВА, Алматы қаласы волонтерлер фронт-офисінің жетекшісі, «QAMQOR CHARITY» қоғамдық қорының төрағасы, Алматы қаласы жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры директорының м.а.:

Есеп беріп отырамыз



Алматы қаласы бойынша еріктілер өте көп. Қаламыз волонтерлік көмек көрсету жағынан өте белсенді. Қазіргі таңда бізде тіркелген 50 мыңға жуық ерікті жұмыс істейді. Волонтерлік бағытта жұмыс істейтін 30-дан астам ірі волонтерлік ұйым бар. Бұл жұмыс бойынша барлық бағытын қамтимыз. Әр қордың қызметі бойынша құжаттармен бекітілген өзіндік талаптары мен ережелері бар. Барлық тіркелген үкіметтік емес ұйым атқарған жұмысы бойынша

міндетті түрде есеп береді. Үкіметтік емес ұйымдардың базасында есебін тапсырып тұрады. Кейбір ұйымдар өзінің ішкі шарттарына сәйкес қайырымдылық іс-шаралармен айналысады. Жиналған ақшаға қайырымдылық, гуманитарлық көмек көрсетеді. Ол бойынша да есеп беріп тұрады.

«Еріктілер» қайырымдылық офисі және «Қамқор» қоғамдық қоры көшелер мен қоғамдық көліктерде қаражат жинаумен айналыспайды. Тек волонтерлік көмек көрсетеді. Яғни біздің еріктілер балалар үйіне барып, балаларға моральдық, психологиялық қолдау көрсетеді. Балаларға түрлі іс-шаралар, шеберлік сабақтар ұйымдастырылады. Жалғызбасты зейнеткерлерге арналған мерекелік жиындарға барып, қала деңгейінде өтетін сенбілікке шығамыз.

Қала көшелерінде ақша жинап жүретін еріктілердің арасында бізде тіркелген еріктілер жоқ. Бірақ бізде қаржы жинайтын арнайы қорлар бар. Олар ақшаны көбіне әлеуметтік желі арқылы жинап, кейін есебін береді.

ТАРИХИ ТАНЫМ

Қазақ хандығы дәуірі:

АЛАСАПЫРАН ЖЫЛДАР АҚИҚАТЫ

«АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМАҒА» – 300 ЖЫЛ

Биыл, 2023 жылы қазақ халқының тарихындағы аса ауыр, өте қайғылы және қасіретті болған оқиғалардың бірі – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғаларына 300 жыл толып отыр. Бұл кездегі қасіретті оқиғалардың таңбасы мен ізі халық жадында сақталынып, ел аузында тарихи аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, қайғылы әндерде көрініс тапты. Тек XX ғасыр басында ұлт зиялыларының тарихи еңбектерінде ғана «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары алғаш рет қағаз бетіне түсіріліп, қалың жұртшылыққа таныстырылады. Сол тұстан бастап ел тарихындағы осы бір қайғылы оқиғаларға толы жылдар – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген тарихи сөз тіркесімен сақталынып қалды және барлық тарихи еңбектерге енді. Өгіп кеткен тарихи процестер мен оқиғаларды зерттеу арқылы біз олардан алынған тарихи білімдердің тәлімдік, тәрбиелік мәнін ерекше назар аударуымыз қажет. Зерттелген тақырыптың тәлімдік жағы жақсы ашылса, онда ол болашақта тағы қателіктерге бой алдырмауға септігін тигізеді. Сол себепті де, тарихымыздағы «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары секілді тақырыптарды зерттеудің маңызы зор.

(Соңы. Басы өткен санда)

Мемлекеттік дәуірдің екі кезеңі

Ұлттық сипаттағы мемлекетіміз Қазақ хандығының тарих мінберіне көтерілген кезі – XV ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың 20-жылдарының бірінші жартысында оның тарих көшінде қалған кез аралығы жатады.

Төрт ғасырға жуық тарихы бар Қазақ хандығы дәуірін өз ішінде саяси тарихтың дамуына қарай шартты түрде екі үлкен кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңге – хандықтың бір орталықтан басқарылып тұрған жылдары жатса, ал Қазақ мемлекетінің бытыраңқылыққа ұшыраған жылдары – екінші кезеңді құрайды. Керей мен Жәнібек хандар тұсынан Тәуке хан қайтыс болғанға дейінгі, яғни 1715 жылға дейінгі аралық хандық дәуірдің бірінші кезеңі болса, одан кейінгі Әбілқайыр хан, Қайып, Болат хандар және Жолбарыс хандардан бастап хандық дәуірдің екінші – бытыраңқылық кезеңі басталады да, ол кезең хандықтың біржолата тарихтың көшінде калумен аяқталады.

Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін онсыз да формалды түрде өмір сүріп отырған орталық хандық билік әлсіреп, қазақ қоғамында бір-біріне бағынбайтын бірнеше саяси құрылымдар мен күштер пайда болады. Есім ханның бір ұрпағы Қайып хан (1716–1718), одан кейін билікке келген Тәукенің үлкен ұлы Болат хан (1718–1723) осы жылдары қазақ қоғамында қалыптасқан ішкі саяси қайшылықтарды ретке келтіре алмады. Орталық атқарушы билік әлсіз болғандықтан жер-жердегі беделді сұлтандар өздерін хан деп жариялап, дербес саясат жүргізе бастайды. Кіші жүзде Әбілқайыр хан, Ұлы жүзде оның туысы Жолбарыс хан Тәшкенде отырып, дербес билеуші атанады. Түркістанда Болат ханның өлімінен кейін Тәуке ханның ұлы Сәмеке хан (1723–1737) таққа келеді, бірақ ол бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік жүйені қалпына келтіре алмайды. Ал одан кейін Болаттың ұлы Әбілмәмбет хан (1738–1771) Түркістандағы тақты иеленеді. Кіші жүз бен Ұлы жүздің тайпалары өз хандарына бағынғандықтан, Түркістандағы Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың билігі бар болғаны Орта жүз аумағындағы ру-тайпаларға, оның ішінде олардың бір бөлігіне ғана таралады. Сол себепті, олар бүкіл қазақтың Ұлы ханы деп аталмай, бар болғаны Орта жүз хандары деп атала бастайды.

• 1723–1725 жылдардағы жоңғар әскерлерінің жойқын жорықтары қазақ халқына ауыр қайғы әкеліп, ол «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғалары деп аталады.

Тәуке ханның дәуірінен кейін қазақ–жоңғар қатынастарындағы белсенділік соңғыларына өтіп, қазақтар жағы жеңілістерге ұшырай бастады. Бір орталықтан басқарылатын Жоңғар мемлекетінің қуаты бытыраңқы қазақ хандықтарына ауыр тие бастады. 1716 жылғы қазақ–жоңғар шайқасында Қайып хан мен Әбілқайыр хан әскерлері арасында ауызбіршіліктің болмауы жеңіліске алып келсе, 1717 жылы жоңғарлар қазақ жеріне жорығын сәтті аяқтады. Міне, осылайша екі жақ арасындағы қарым-қатынастың өте ушығып тұрған кезінде қазақ қоғамында орталық хандық биліктің болмауы, саяси бытыраңқылықтың белең алуы қандай ауыр жағдайларға әкелетіні түсінікті де еді.

Дәл осы тұста алты жылға созылған (1717–1722) екінші ойрат-цинь соғысы Қытай императоры Сюань Енің 1722 жылдың соңында қайтыс болуына байланысты уақытша тоқтатылады. Қытаймен соғысуға даяр отырған жоңғарлар бар күшін 1723 жылдың ерте көктемінде Қазақ Еліне бағыттайды.



(Сурет: e-history.kz)

Ойларымызды түйіндей келе, XVIII ғасырды қазақ халқының тарихында мемлекеттілік тұрғыда алғанда құлдырау ғасырының басталған кезеңі деуге болады. Ал қалған тарихи үдерістердің бәрі сол құлдыраудың салдарлары болып табылады. XVIII ғасырдағы қазақ мемлекеттілігінің құлдырау үдерісі ішкі тарихи заңдылықтардан туындағанымен, сол ғасырдағы қазақ–жоңғар қатынастарының барысы, оның күрделі, шиеленісті жүруі бұл үдерісті үдетіп отырды. Сол себепті де, «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларының тарихи алғышартына біз, ең алдымен, XVIII ғасыр басында қазақ қоғамындағы мемлекеттіліктің құлдырау үдерісі мен орталық хандық биліктің әлсіздігін немесе мүлде жоқтығын жатқызамыз.

«Аталмыш оқиғаның себеп-салдарына келсек, жазушы Мұхтар Мағауиннің «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларының пайда болу себептері туралы мына бір тұжырымы ойға оралады: «Біздің тарихи және көркем әдебиетте Ақтабан шұбырынды жоңғарлардың тұқиял шабуылы салдарынан болған төтенше бақытсыздық ретінде бейнеленеді. Шын мәнісінде, 1723 жылғы жоңғар шапқыншы және соның нәтижесіндегі қазақ босқыны – осыған дейін тура қырық жыл бойы жүргізілген саясат пен майданның – Қазақ Ордасы мен Дүрбін–Ойрат арасындағы аяусыз күрестің соңғы түйіні, қорытынды зардабы ғана. Қазақ Ордасы 1723 жылы қалай қирады деп емес, осы 1723 жылға қалай жетті деп таңырқасақ ләзім». Одан әрі автор батыл ойларын айта келе, қазақтарды жоңғар жорықтарынан, жоңғар қаруынан жойылудан сақтап қалған олардың Цинь империясымен жүргізген соғыстарының барысы деп ой түйе келе, «...Егер еженхан Сюань Е бұдан бес жыл бұрын өлсе, Ақтабан шұбырынды 1718 жылы, он жыл кейін өлсе, 1733 жылы орнайтын еді. Анық ақиқаты осы!», – деп тұжырымдайды. Автордың тұжырымдарын қысқаша түйіндесек, 1723–1726 жылдардағы «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары тікелей сол кезеңдегі жоңғар-қытай қарым-қатынастарының салдары.

Ғалымның мұндай тұжырымымен келісе қою қиын. Дегенмен, 1722 жылғы ойрат-цинь уақытша бітімінің жоңғарлар үшін қазақтарға жорық жасауға мүмкіндік бергенін жокқа шығармаймыз. Бірақ бұл фактор басты, негізгі себеп бола алмайды. Осы орайда, «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларының қандай басты себептері болғандығы туралы өз көзқарасымызды да ортаға сала кетейік.

Қазақ-жоңғар қатынастары

Қазақ-жоңғар қатынастарының Жоңғария мемлекеті құрылған кезден бері қалыптасқаны белгілі жайт. Осы қатынастар ішінде екіжақты әскери қатынастар, тонаушылық сипаттағы, кек алу, кек қайтару сипатындағы жорықтар XVII ғасырдың 30-жылдарынан бері жалғасып келеді. Жалпы, XVII ғасырдың 30-жылдарының ортасынан XVIII ғасырдың 10-жылдарының ортасына дейін, яғни Тәуке хан қайтыс болғанға дейін, қазақ-жоңғар қатынастары барысында екі жақ тарапынан қаншама үлкенді-кішілі итжығыс жорықтар мен шапқыншылықтар, шайқастар мен ұрыстар өтті. Бұл соғыстар екі мемлекетке де ауыр болды, бірақ екеуі де өздерінің өміршеңдігін көрсетті. Өйткені, соғысушы екі жақ тарапынан жорықтарды орталық мемлекеттік билік ұйымдастырып отырды, орталық атқару биліктің жүйесі жұмыс істеп тұрды. Қазақ хандығы жағынан да осы кезеңде өз шамасынша орталық хандық биліктің институттары жұмыс істеп, хан билігі, билер кеңесі, батырлар институты секілді мемлекеттік құрылымдар жорықтар ұйымдастыру мен жау жорықтарына қарсылықтар ұйымдастыру, қарсылас жақты үнемі аңдып отыру сияқты маңызды мемлекеттік жұмыстарды жүзеге асырып отырды. Жоңғария XVII ғасырдың 90-шы жылдарында Цинь империясымен соғыстар жүргізіп жатқандықтан, Қазақ хандығы жоңғарларға қарсы бірнеше жорықтар жасап, белсенділік көрсетеді. Жоңғар хандығы тарихының маманы И.Я.Златкин дәл осы жылдардағы, яғни XVII ғасырдың 90-жылдарындағы қазақ-жоңғар қатынастарындағы қазақтар үшін болған негізгі мәселеге жер, жайылымдарды жатқыза тұра, сонымен бірге, сауда жолдары мен сауда орталықтарына бақылау орнату да маңызды болды деп санайды. Мұндай маңызды шаралардың тек хан тапсырмасымен жүзеге асатыны өзінен-өзі түсінікті.

1698 жылы Жоңғария билігіне Цеван Рабтанның келуімен, бұған дейін атап өткеніміздей, екі жақты қатынастың жоңғарлар тарапынан сипаты өзгеріп, ол енді қазақтарға қарсы басқыншылық сипатқа ие бола бастайды. XVIII ғасырдың алғашқы 15 жылы ішінде екі жақтан да бір-біріне қарсы бірнеше жорықтардың

жасалынғаны жөнінде тарихи әдебиеттерде жазылған. Бұдан шығатын қорытынды мынау – Тәуке хан қайтыс болғанға дейін қазақ-жоңғар қарым-қатынасында негізінен екі этностың өзі қалыптастырған мемлекеттік жүйелері, аумақтың екі саяси күштері – Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығы тұрды. Қарым-қатынас барысындағы жеңістер қай мемлекеттің ұйымдасуына, күш-қуатына тікелей байланысты болды. Тәуке хан қайтыс болғанға дейін Қазақ хандығы бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік жүйе болғандықтан өз жері мен халқын басқыншылықтан қорғап тұра алды.

Биліктегі

бытыраңқылық үдеріс

Өкінішке орай, Тәуке хан билігінің соңғы жылдары байқала бастаған орталық биліктегі бытыраңқылық үдеріс белең алып, ол тарихи шындыққа айналды. Қайып хан (1716–1718), одан кейін Болат хан (1718–1723) орталық хандық билікті сақтай алмады. Бұрынғы біртұтас Қазақ хандығы аумағының әкімшілік бөліктерінде бір-біріне бағынбайтын бірнеше жеке,

дербес, келте хандықтар және оларға бағынбайтын бірнеше дербес сұлтандар билігі қалыптасып, өмір сүре бастады. Дәл осы кезеңдегі қазақ қоғамында қалыптасқан саяси жағдайды орыс тілінде жазылған бір құжаттың қысқаша мазмұны былайша көрсетеді: «...40 мың түтіннен тұратын қазақтарды Әбілқайыр хан басқарады, тағы да Барақ және Әбілмәмбет деген екі ханы бар. Олар Ұлытау мен Кіші тауды, Сыр, Сарысу және Торғай өзендерін, Қарақұм далаларын башқұрттардан бір айлық жерде көшіп-қонып жүреді. Қазақтардың тағы мынадай қалалары бар: 1. Басты қаласы – Ташкент, оның билеушісі Жолбарыс хан, 2.Түркістан, онда Сәмеке хан отыр, 3. Сайрам, онда Көшек хан билік құрады...».

• 1723 жылы Жоңғария билеушісі Қытаймен жасалған уақытша бітімді пайдалана отырып, бар әскери күшін қазақтарға қарсы бағыттайды. Біртұтас, бір орталықтан басқарылатын Жоңғария мемлекеті өзінің бар әскери қуатын бір жұдырыққа жұмылдырып, бытыраңқы, шашыраңқы қазақ хандықтарына бағыттайды. Мұның зардабын әрине, ең алдымен халық көрді, басынан кешірді. Халық жадында бұл оқиғалар – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Сауран айналған», «Қайың сауған» оқиғалары атауларымен қалып, атадан балаға жетіп, ұмытылмай келді.

Осының салдары ретінде 1716 жылғы қазақтардың жоңғарларға жасаған жорығы сәтсіздікке ұшыраса, 1717 жылғы жоңғарлардың қазақ жеріне қарсы жүргізген жорығы жеңіспен аяқталады. Жекелеген хандар мен сұлтандардың қарсы жорықтары біршама сәтті аяқталғанымен онша тегеурінді бола алмады. Әрине, мұның себептері жоңғар билеушілеріне бірден түсінікті болды. Осылайша «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларының ең басты себептеріне көзімізді жеткіземіз, ол – жоңғар-қытай соғысының тоқтатылуы емес, Жоңғар мемлекетінің жорығына тойтарыс, қарсылық ұйымдастыра алмаған Қазақ хандығындағы саяси бытыраңқылық жағдай, жүздер аумағындағы хандықтарда ауызбіршіліктің болмауы және жекелеген сұлтандардың дербестік саясат ұстануы болып саналады.

СӨЗ ТҮЙІН

Біріншіден, XVIII ғасырдың басындағы қазақ-жоңғар қатынастары барысында 1723–1725 жылдары болған ел басындағы қайғылы оқиғалардың «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталғандығын алғаш рет ауыз әдебиетінің материалдарына сүйеніп, Шәкәрім Құдайбердіұлы атап өтсе, М.Тынышбаев осы аттас мақала жазып, одан басқа тағы да «Сауран айналған», «Қайың сауған» деген атаулардың бар екендігін жазады. Сөйтіп, ол «Ақтабан шұбырынды» атауын бүкіл ғылыми ортаға таныс етеді. Сол кезден бастап бұл термин барлық оқулықтар мен академиялық басылымдарда қолданылып келеді.

Екіншіден, біртұтас қазақ мемлекеттілігінің XVIII ғасыр басынан бастап құлдырай бастауы орталық хандық биліктің әлсірей бастауынан көрініс берді. Осы Тәуке ханнан кейін қалыптасқан орталық хандық биліктің әлсіздігі не жоқтығы «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларының алғышарттарына жатады.

Үшіншіден, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғаларының басты себебіне сыртқы фактор емес, ішкі факторды жатқызамыз. Қазақ қоғамында саяси бытыраңқылықтың болуы осы оқиғалардың орын алуының басты себептеріне жатады.

Төртіншіден, қазақ тарихындағы «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары секілді маңызды тарихи мәселелер болашақта тың деректер негізінде зерттеле береді демекпіз. Мұндай тарихи сабақты қазақ халқы ешқашан ұмытпауы қажет.



Беркет КӨРБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімі

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Казпочта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Almaty Akshamy» ЖШС.

alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**

Апталық

таралымы – 28 412

Кезекші редактор –

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№КЗ80VР00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы қаласы,

Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Оффсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы**

«AIR ASTANA»

әуе компаниясы бортндағы

жолаушыларға қолжетімді.

ЕСКЕРТКІШ–ТАҚТА



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҒҰМЫРЫН ТЕАТРҒА АРНАҒАН ТҰЛҒА

Алматыда Қазақстанның халық артисі Зинат Акбарованың құрметіне мемориалдық тақта ашылды. Салтанатты іс-шараға Алматы қаласы Мәдениет басқармасының өкілдері, Құдыс Қожамяров атындағы республикалық академиялық ұйғыр музыкалық комедия театрының әртістері және З.Акабарованың туған-туыстары қатысты.



Досбол
АТАЖАН

«Ұйғыр театрына жұмысқа келген уақыттан бастап, осы күнге дейін Зинат Акбарова өзінің өнерін театрдың дамуына жұмсады. Театрдың творчестволық дамуына үлкен жәрдемің көрсетіп, өзінің көп жылдық еңбегінде 100 шақты рөлдерді сомдап шықты. Зинат Асқарқызының сомдаған рөлдері әр уақытта көрермендердің жоғары алғысына ие болды», – деді Алматы қаласы Мәдениет басқармасының мәдени көпшілік іс-шаралар ұйымдастыру бөлімінің басшысы Арман Халбеков.

Зинат Асқарқызы 15 қаңтарда 1935 жылы дүниеге келген. 1955 жылы Алматы қаласында орналасқан хореографиялық училищені аяқтап, сол жылы ұйғыр театрына балет артисі лауазымына кіреді.

Уақыт өте вокал әншісі болып қызмет атқарады. Театрда қызмет еткен жылдары Ж.Асимов, А.Садировтың «Анарханындағы» Анархан, А.Асимовтың «Герип–Санам» қойылымындағы Санам, «Майсарының ісі» спектаклінде Майсара, Ханум және тағы басқа рөлдерін сомдап, көрермендердің жоғары ілтипатына ие болды.

1992 жылы «Қазақстанның халық артисі» жоғары атағын алды.



Аталмыш іс-шараға «Түрксіб ауданы мүгедектерінің ерікті қоғамы» мен «Мейірім» оңалту орталығына қарасты ерекше балалар шақырылды.

Ерекше балаларды ұзын бойлы қуыршақтар мен түрлі ертегі кейіпкерлері қарсы алып, арнайы орынға бастады. Көңілді әуен ырғағымен балақайлар өздеріне төселген әдемі дәлізбен жүріп өтті. Балақайлардың бұл күнгі қуанған сәтін тілмен жеткізу мүмкін емес. Олар өздеріне көрсетіліп жатқан барлық құрметті жылы қабылдап, ерекше көңілді отырды. Түрлі халықаралық байқаулардың жеңімпазы атанған өнерпаз балалардың концертін тамашалады. Әсіресе, балалар әуе гимнастары, қытайлық айдаһар биі, сән театрының топтамасын қызыға тамашалады.

«Шіркін-ай, балаларымыз қуанса, біз де қуанамыз ғой. Адам осындайда барлық қиыншылықты ұмытып кетеді екен», – дейді балаларымен бірге қуанған аналар да. Мереке соңында Оқушылар үйінің тәрбиеленушілері өз колдарымен жасаған жұмсақ ойыншықтар мен бұйымдарды тарту етті.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

МАМАН ДАЯРЛАУ

ҚҰЗЫРЕТТЕР ОРТАЛЫҒЫ

Білікті мамандарды даярлау және қайта даярлау үшін тиімді экожүйе құрылды



Суретті түсірген Сауат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілігі колледжі» КМҚК базасында «Технониколь» компаниясы құрылыс академиясының қолдауымен «Архитектура, құрылыс және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық» саласы бойынша халықаралық құзыреттер орталығы ашылды.



Ернұр
РЫСБАЙ

Орталықтың ашылу салтанатына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, Алматы қаласы Құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Айдар Нұрғожаев, Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева, Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілігі колледжінің директоры Камал Жаманғозов, Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының басқарушы директоры Нариман Ибрагимов, «Bazis Construction» ЖШС президенті Уәли Бауыржан, «Технони-

коль» компаниясының вице-президенті Войлов Евгений, Алматы қаласы колледждерінің директорлары қатысты.

«Технониколь» компаниясымен ынтымақтастығы аясында колледжде 120 млн теңгеден астам тікелей инвестиция тартылды. Білікті мамандарды даярлау және қайта даярлау үшін тиімді экожүйе құрылды. Құрылыс саласының мамандары мен жұмысшы кадрларын даярлау, қайта даярлау бағдарламаларын одан әрі қаржыландыру компания қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады. Әлемнің түрлі елдерінде орналасқан компанияның зауыттары мен оқу ор-

талықтарында колледж қызметкерлері мен студенттерінің жыл сайынғы тағылымдамалары көзделген. Дайындық бағдарламасы курс тыңдаушыларын оқытуды және міндетті сертификаттауды қамтиды. Іс-шара барысында қонақтар колледждің материалдық-техникалық базасымен, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырумен танысты.

Алматы құрылыс және халық кәсіпшілігі колледжі ағаш өңдеу, энергетика, архитектура, дизайн, техникалық қызмет көрсету станциялары және музыкалық аспаптарын дайындау үшін кадрлар даярлауды жүзеге асырады. Колледжде дуальды оқыту жүйесі белсенді дамыған. Дуальды оқыту студенттердің жалпы санының 40%-дан астамын қамтиды.

Бүгінгі таңда колледж 60-тан астам шағын және орта бизнес кәсіпорындарымен белсенді ынтымақтастық орнатып отыр.

Алматы қаласын дамыту бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2023 жылдан бастап теориялық және практикалық даярлық, мансаптық даму және жұмысқа орналастыру, тәлімгерлік, «WorldSkills» стандарттары сияқты бағыттар бойынша өндірістік оқыту шеберлері мен колледждің арнайы пәндер оқытушыларын халықаралық тағылымдамадан өткізу және оқыту бойынша жоба басталды. Жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылуда. Осылайша жыл сайын 3 жыл ішінде колледждің 10 оқытушысы Еуропа мен ӘБДҰ-ға (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) қатысушы елдердің жетекші оқу орталықтарында тағылымдамадан өтеді.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ



Суретті түсірген Сауат ҚҰСАЙЫНОВ.

ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ ЖАҢАРДЫ

Алматыда Оқушылар сарайы жаңартылды. 1983 жылы салынған ғимарат заман талабына сай жабдықталып, қосымша білім беру кеңістігі кеңейтілген.



Досбол
АТАЖАН

2 жыл бұрын басталған Оқушылар сарайындағы жөндеу жұмыстары аяқталып, ғимараттың жаңарған бейнесі көрсетілді. Жөндеу жұмыстары балалар мен жасөспірімдерді оқыту және дамыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құру мақсатында жүргізілді.

– Оқушылар сарайын жаңғырту барысында оның сыйымдылығын да арттырдық. Аптасына 8,5 мың баланың орнына 15 мыңға жуық баланы қабылдай аламыз. Яғни қуаттылығы 2 есе артты деуге болады. 2,5 жыл ішінде жөндеу жұмыстарына 5 миллиард теңгеге жуық қаражат жұмсалды, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова.

Жаңғырту аясында жаңа білім беру кеңістігі құрылып, 100-ден аса жаңа үйірме ашылған. Сондай-ақ, ғимарат ішінде Кванториум, Hi-Tech, Creative және Science орталықтары іске қосылды. Бұл орта-

лықтарда оқушылар соңғы инновациялық технологияларды пайдалана алады. Айта кеткен жөн, Оқушылар сарайы сәулет ескерткіштерінің қатарына енетіндіктен, ғимараттың бұрынғы ескінін-келбетін сақталған. Орталық залдың да тарихи дизайны сақтала отырып, планетарийді, салтанат пен көрме залын қалпына келтіру және жөндеу жұмыстары жүргізілген.

– Көрме залдарын толық жаңартудан өткіздік. Биыл балалардың тек жаңа бағытта жұмыс істеуіне зер салып қана қоймай, қауіпсіз орта қалыптастыруға да баса назар аудардық. Десенмен, гранит, мрамор тастары сол қалпында қалды, – деді қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева.

Жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін инженерлік жүйелерді ауыстыруға баса мән берілген. Жаңартылғандардың қатарында жарықтандыру, желдету, ауаны баптау, жылу және көріз жүйелері бар. Автоматтандырылған өрт сөндіру және бейнебақылау жүйесінің де сапасы артқан.

БАЙҚАУ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.

ДҰРЫС ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫ

Наурызбай ауданында байқау жеңімпаздары марапатталды

Дұрыс әлеуметтік дағды қалыптастыруда жасөспірімдерге үлкен буынның берген тәрбиесі ұдайы нәтижелі болуы екіталай. Себебі, әдетте мектеп оқушылары әлеуметтік дағдыны өз буынынан көбірек қабылдайды. Сондықтан да кәмілетке толмағандар арасындағы қылмысты болдырмаудың ең тиімді жолы – жасөспірімдердің өзін қылмысқа қарсы насихат жұмысына тарту.



Естай
БОЖАН

Міне, осы мақсатта Наурызбай ауданы әкімінің аппараты мен аудан прокуратурасы мектеп оқушылары арасында арнайы байқау жариялаған болатын. 29 қараша күні байқаудың нәтижесі белгілі болды. Әрі насихат жобасы күткеннен де жоғары нәтиже берді.

Конкурс Наурызбай ауданындағы 12 жалпы білім беру мекемелері арасында 16 қазан мен 29 қараша арасында өтті. Онда мектеп оқушыларына «Отбасындағы зорлық-зомбылық», «Мектептегі буллинг» және «Көшедегі бандитизм» сынды үш негізгі тақырып бойынша аудандағы №15 мектеп-интернаты, №208 мектеп-гимназиясы және №187 мектептің қатысушы сыныптары жеңімпаз атанды.

Кәмілетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылыққа қар-

сы насихаттауда қатысушылар шығармашылық ізденістерін көрсеткен. Айталық, №15 мектеп-интернаты 9 «а» сынып оқушыларының жасаған шығармашылық жұмысы тәрбиелілік мәнге толы болды. Онда қатысушылар «Көшедегі бандитизм» мен жасөспірімдер арасындағы есірткіге тәуелділік тақырыбын қатар қамтыған. Бейнеролик оқушылардың сана-сезіміне әсер ететін детальдарды тиімді пайдаланған.

Бұдан бөлек, «Отбасындағы зорлық-зомбылық» тақырыбын көтерген №208 мектеп-гимназиясының 9 «б» сынып оқушылары мен «Мектептегі буллинг» тақырыбын көтерген №187 мектептің 9-10-сынып оқушылары жеңімпаз болды. Жеңімпаз шығармашылық топтарға 50 мың теңгеден ақшалай сыйақы да тағайындалған.

Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары Мирас Нысаналиев және аудан прокуроры Дінмұхаммед Серікбаев жеңімпаздарды марапаттады.

«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

АНА ТІЛІНІҢ АНАСЫ

Абай атындағы ҚазҰПУ мен Тіл ғылымы зерттеулерін үйлестіру орталығы «Қазақ тілі білімі және оқыту әдістемесі: дәстүр және болашағы» атты республикалық «Дөңгелек үстел» өткізді. Аталмыш іс-шара қазақ тілі ғылымының өркендеуі жолында орасан еңбек еткен, филология ғылымының докторы, профессор Нұржамал Оралбайқызының 95 жылдығына арналды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Алдымен профессордың осынау жылдардағы еткен еңбегіне құрмет көрсетіліп, Нұржамал Оралбайқызы есімімен аталатын дәрісхана ашылды. Осыдан соң профессордың 95 жылдығына арналған «Дөңгелек үстел» өз жұмысын бастап, оны ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Керімбек Құрманалиев жүргізіп отырды.

Алғашқы сөз кезегін алған оқу ордасының Стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректоры Ақтолық Құлсариева көрнекті ғалымның жүріп өткен жолына тоқталды.

– Еліміздің тарихында есімі алтын әріппен жазылған тұлғалар қатарында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі, филология ғылымының докторы, профессор Нұржамал Оралбайқызының да есімі ерекше аталады. Ол кісі 1989–1997 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде проректор, Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі және өмірінің соңына дейін профессор қызметін атқарғанын білесіздер.



Суретті түсірген Айсулу КОЛЫМБЕТОВА.

Сонымен қатар, 300-ден астам ғылыми мақаланың, 20-дан астам оқулық пен монографиялық еңбектің авторы болды. Өзі еңбек еткен жылдарда 70-тен астам ғылым докторы мен ғылым кандидатын тәрбиелеп, даярлады. Сонымен қатар, университеттің

жанынан ашылған Докторлық диссертация кеңесінің төрайымы да болды. Осындай өнегелі өмірі бар жанның еңбегі қашан да елінің есінде сақталары сөзсіз. Бүгінгі өткізіліп отырған іс-шарамыз да ғалымға көрсетілген құрмет, – деді Ақтолық Тұрлыханқызы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Зейнеп БАЗАРБАЕВА,

филология ғылымының докторы, профессор, академик:

– Нұржамал Оралбайқызы – грамматист, әсіресе, морфологияға көп еңбек сіңірген ғалым. Ол өзінің кандидаттық диссертациясын өте ерте қорғады. Сол кездің өзінде қазақ жазуына арнап графика, орфография мәселелермен бірге, әдістемелік мәселелермен де айналысты. Көптеген оқулықтарды жазды. Әрқашан да өзінің ойын, пікірін ашық айтатын. Кейде ол кісі айтқан пікір басқа пікірлерге қарама-қайшы келіп жататын. Соған қарамастан өз ойын түсіндіріп, дәлелдеп шығатын. Жалпы, адам бір салада талантты болса, басқа салаларда да талантты болады дейді ғой. Көбі ол кісінің өте шебер тігінші екенін біле бермейтін. Ол кісі тондарды қатырып тігетін. Үлкен баласымен Мәскеуде танысқан едім. Белгілі физик болды. Еңбексүйгіш, қайталанбас жанның ғылыми мұрасы ешқашан ұмытылмайды.